



КПО-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ 2009

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ
МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ



КПО-ның
ОРНЫҚТЫ
ДАМУ ЕСЕБІ
2009

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ
МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ





Мазмұны

Бас директор жолдамасы	03
Біздің атқарған қызметіміздің көрінісі және алға қойылған мақсаттар	05
Қарашығанақ кенін өндіру	06
КПО Корпоративтік басқару жүйесі	08
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	10
ҚОҚ аясында атқарылған жұмыстар	16
Қарашығанаққа көз жүгірту	22
Қызметкерлерді дамыту	24
Экономикалық дамуға қосқан үлесіміз	28
Жергілікті қауымдастықтармен қарым- қатынас	34
Мәліметтер кестесі және GRI көрсеткіштері	40
Шынайылықты растау есебі	42
Қысқармалар/анықтамалар тізімі	44



Орнықты дамуға қосқан үлесіміздің көрінісі

Орнықты дамуға қосқан үлесіміз осы орнықты даму туралы есепте көрініс тапқан. Орнықты дамуды меңзегенде біз кеңінен танымал Брундтланд Комиссиясының анықтамасына жүгінеміз, яғни «келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүмкіндіктеріне қауіп төндірмей, қазіргі уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыру».

Экономикалық субъект ретінде КПО орнықты дамуға қосатын үлесі ретінде келесі мәселелерді қарастырады:

- ◆ қазіргі таңдағы кері әсерлерді азайту және мүмкіндіктерді көбейту;
- ◆ қабылданатын шешімдер нәтижесінің ұзақ мерзімділігін қарастыру;
- ◆ мүдделі топтарды зерделі сұхбатқа тарту; және
- ◆ берік басқару мен ашық бизнес жүргізуді тұтастыру

Бұл есеп «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) шығарған орнықты даму туралы екінші есебі, және компанияның орнықты дамуға қосқан үлесінің көрінісі. Өткен жылы, біз Қазақстанда қызмет атқаратын компаниялардың қатарынан бірінші болып халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз расталған орнықты даму есебін ұсындық. Орнықтылық ауқымында біз осы жетістікті және басқа да көптеген мәселелерді ілгерілету мақсатын қойдық.

ЕСЕП БАҒЫТЫ

Бұл 2009 жылдың қорытындысы бойынша дайындалған есеп, сонымен қатар біздің жұмысымыздың бірнеше жылдар мерзіміндегі бағасы ретінде 2007 және 2008 жылдардағы ақпарат та қосылған. Әрі қарай орнықты даму туралы есепті жыл сайын шығаруды көздеп отырмыз.

ЕСЕПТІҢ ҚАРАСТЫРАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл есеп «Қарашығанақ кенін өндіру» бөлімінде толығырақ айтылған КПО-да атқарылатын барлық іс-шараларды қамтиды. Қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық бағыттағы жұмыстың қаржыландыру жағын да қарастырады.

СЕНІМДІЛІК

Есепте берілген ақпараттың шынайылығы тәуелсіз ПрайсуотерхаусКуперс компаниясымен расталған. Тәуелсіз шынайылықты растау есебімен 42 бетте таныса аласыз. Бұл үрдіс КПО және осы есепті

оқушы қауымға ақпараттың шынайы және дұрыс екендігі жөнінде қосымша кепілдік береді.

GRI ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ

Бұл есеп GRI жүйесінің G3 нұсқамалары, оның ішінде de facto (іс жүзінде) орнықты есептілікте қолданылатын әлемдік модель негізінде дайындалды. 2009 жылғы есепті C+ қолдану деңгейінде орындадық, бірақ 2010 жылы B+ деңгейіне жетуді мақсат қойып отырмыз.

МҮДДЕЛІ ТОПТАР

Қалыпты бизнес жүргізу практикасы ретінде біз көптеген мүдделі топтармен, оның ішінде Үкімет билігімен, жергілікті қауымдастықтармен, жұмыскерлермен және азаматтық қоғаммен қарым-қатынасқа түсіп, кеңесе отыра бірге жұмыс атқарамыз. Осы мүдделі топтармен жақсы қарым-қатынас орнату – біздің ұзақ мерзімде табысқа жетуіміз үшін өте маңызды және есептің негізгі болмысы осы қарым-қатынастар нәтижесінде туындады.



Бас директор жолдамасы



Мен 2009 жылы КПО орнықты даму есебін бекіткенде, жыл сайын біздің барлық жұмысымыздың толық және шынайы көрінісін мүдделі топтарға осы КПО орнықты даму есебін арқылы ұсынуды өз міндеттемелерімнің бірі деп ұйғардым. Сондықтан да, КПО шығарған осы тектес есептің екіншісі болып саналатын 2009 жылғы орнықты даму есебін Сіздің назарыңызға ұсыну мен үшін үлкен құрмет.

Бұл есептің басты мақсаты – барлық мүдделі топтарды, оның ішінде ҚР үкімет билігін, өз қызметкерлерімізді, КПО қызметі таралған жергілікті қауымдастықтарды және жалпы қоғамды 2009 жылы атқарған жұмысымызбен, 2008 жылы алға қойған мақсаттарымыздың орындалу үрдісімен таныстыру және 2010 жылы басшылыққа алатын жаңа мақсаттарды айқындау.

Орнықты даму КПО-ның Қазақстанда өз бизнесін жүргізу әдісінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасты. Қазақстан Республикасы және ҚазМұнайГаз мемлекеттік мұнай компаниясымен қарым-қатынасымыз біздің бизнесті республикадағы табиғи ресурстардың игерілуінен бүкіл елге тұрақты пайда әкелуді көздеген үкімет мақсаттарымен ұштастырады. КПО-ның орнықты дамуға қосатын үлесі әлемдік деңгейдегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тәжірибесін сақтау, корпоративті басқарудың дұрыс ұстанымдарын қолдану, өндіріске ең үздік технологияларды енгізу және шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру, қазақстандық қатысымды ұлғайту, әлеуметтік дамуға үлес қосу аясында шоғырланған.

2009 жыл жетістікке толы, дегенмен де өкінішке аралас жыл болды. КПО өндірісте және газды

пайдаға асыруда рекордты көрсеткіштерге жетті, заманауи Эко-орталықты іске қосты және OHSAS 18001 сертификатын алды. Бірақ, 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында қауіпсіздік техникасы бойынша 43 миллион адам сағатын жұмыс уақытын жоғалтатын апатсыз атқарып, ерекше көрсеткішке жетсек де, қараша айының 19-да мердігеріміздің бірі қаза болған қайғылы оқиға орын алды. Бұл оқиға әрдайым қырағы болу қажеттілігін және өткен жетістікке қарап қамсыздыққа жол берілмеу керектігін айқындады. Осы оқиға орын алғаннан кейін, КПО ауқымында қайталануды болдырмайтын жедел іс-шаралар ұйымдастырылды. Жеке өз басым және КПО басшылар тобы осы оқиғадан сабақ алып, мұндай жағдайды болдырмау жөнінде міндеттеме алдық.

Қызметкерлерге деген ықыласымызды әдейілеп топталған оқу бағдарламалары және шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру жаңа 10-жылдық жоспарын дайындау арқылы білдірдік. 2009 жылдың аяғында барлық өндірістігі және кеңседегі жұмыс орындарының ішінде, кәсіби және жетекші лауазымдарда 87 %-ы және басқару лауазымдарда 49 %-ы қазақстандық мамандармен ауыстырылды.

КПО Қарашығанақ кен орны өндірісінде қазақстандық компаниялардың қатысу мүмкіншілігін көтеруде. Осы мақсатқа жету үшін КПО Қазақстандағы басқа оператор-компаниялар, жергілікті билік өкілдері, ҚазМұнайГаз, ұлттық және жергілікті компаниялармен бірге белсенді жұмыс атқаруда. Нәтижесінде, 2009 жылы КПО қолданған тауарлар мен қызмет көрсетулердің 49 %-ы қазақстандық компаниялармен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік инфрақұрылым дамыту саласында КПО жақында Қарашығанақ-Орал газ құбырының бір желісін жүргізді. Осы құбырды тарту жұмыстары толығымен аяқталғанда, Батыс Қазақстан облысындағы 150 елді мекенге табиғи газ жіберіледі. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға қатысқаны үшін КПО Парыз сыйлығын алды және Атамекен медалімен марапатталды.

ІІМ дамыту кезеңі өз мәресіне жетуге аяңдағанда, ҚР үкімет билігі, КПО және бас компаниялардың мақсаттарының ұштасуы соңғы 13 жылда Қарашығанақ кенішін өндіруде үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді және келешекте кеннің лайықты дамуының негізін қалауға көмектесті. КПО-ның орнықты дамуға деген көзқарасы берік және мен келесі жылы жалғасын табатын есепте даму үрдісіміз жөнінде баяндап беруді асыға күтемін.

Джузеппе Пази
Бас директор



Мақсаттарымыз

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2009 жылғы мақсаттар

Біздің кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқару жүйеміз үшін OHSAS 18001 сертификатына қол жеткізу.

Қауіп-қатерлердің орын алуын анықтау, басқару мен есеп беру үрдістерін қайта қарастыру және жетілдіру.

Қауіпсіз іс-әрекет туралы бағдарламыздың тиімділігі мен қолданылу аясын кеңейту.

Медициналық және апаттық жағдайларға төтеп беру мүмкіндіктерімізді жасау және жетілдіру.

2009 жүзеге асырылған шаралар

- ✓ OHSAS 18001 Сертификатын алдық.
- ✓ Қауіп-қатер есеп беру процедурасы жаңартылды және жаңа тіркеу реестрімен енгізілді.
- ✓ Басшылардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-ды тексеру айналымы кестесі оңай көру үшін Интранетте орналыстырылды.
- ~ Қауіпсіз іс-әрекет бағдарлама аясында жұмыс атқаратын 6 Комитет құрылды.
- ✓ Жаңа апаттарды басқару орталығы ашылды.
- ~ Апатты жағдайда әрекет ету процедуралары жаңартылды.
- ✓ Апаттарды басқару тобы мен компания директорларымен қатар барлық деңгейдегі қызметкерлерге қосымша жаттығу курстары өткізілді.

2010 жылға қойылған мақсаттар

- OHSAS Сертификатын жалғастыру.
- Қазіргі қауіп-қатерді анықтау бойынша есеп беру үдерістерін рационалдастыру және жақсарту шараларын аяқтау.
- КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлерін қауіп-қатер туралы хабардар болуына жаттықтыру.
- Мұнайдың ағып кетуіне жол бермеу шараларын және II, III деңгейдегі төтенше жағдайда әрекет ету шараларын жақсарту үшін жаттығу және үйрену бағдарламасын дайындап енгізу.
- КПО ішінде қауіпсіз жетекшілік туралы түсінікті, бағалауды және оған қатысуды жақсарту.
- Мердігерлердің практикасы мен көрсеткіштеріне және КПО күтіп отырған нәтижелер деңгейіне теңестіру үшін мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін жақсарту.
- Қазіргі бақылау және басқаруды қарастыратын әдістер мен үдерістердің тиімділігін жақсарту.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Стандарттық негіздемелерге сай жыл сайын парник газдардың шығарындыларын азайту.

Суды пайдалану мен сарқынды сулардың пайда болуын азайту, сарқынды сулардан келетін ластанудың алдын алу, суды қайта пайдалануға барынша тырысу.

Қалдықтар құрылымына сай қалдықтарды өңдеуді жақсарту.

Қарашығанақ кен орнындағы биологиялық түрлілікті сақтау және көбейту.

Біздің қоршаған ортаны басқару жүйеміздің ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестігін келіпдейтін Үшінші бейтарап жақтық сертификатын алу.

- ✓ Парник газының және CO2e шығарындыларының 171.4 ктоннаға дейін азайтуға қол жеткіздік.
- ✓ КПО-ның суды техникалық қажеттіліктеріне қолдануы 17% -ға қысқарды.
- ✗ 42000 текше метр су қайта қолданылды (2008 жылға қарағанда кішкене төменірек болды).
- ✓ Эко орталық іске қосылды (қолданылған бұрғылау ерітіндісінің 100 %-ы Бұрғылау ерітінділері зауытында өңделіп, қайта қолданылды).
- ~ Павлодар картон зауытымен қағаз қалдығын қабылдау және өңдеу жөнінде меморандумға қол қойылды.
- ~ Екі биологиялық түрлілікті зерттеу жобасы орындалып жатыр. Биологиялық түрлілік және экологиялық жүйе қызметтер қауіп-қатерлерін бағалау және қолданылатын шаралар жоспары Серіктестермен талқыланды.
- ✓ Karachaganak Projects Development Ltd (КПО-ның басты жобаларды дамыту департаменті) қыркүйек айында сертификаттар алу тізіміне қосылды. Екі бақылау аудиті жақсы аяқталды.

- Парник газының шығарындыларының CO2e қоса 55,5 ктонн азаюына қол жеткізді.
- Кен аумағында сұйық қалдықтарды өңдеу жобасын жүзеге асыру.
- Өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу корпоративтік стратегиясын жаңарту.
- Екінші шикізаттарды бөлу жобасын жүзеге асыру (қағаз және пластик қалдықтары).
- Биологиялық түрлілік стандартын шығару.
- Биологиялық түрлілік және экологиялық жүйе қызметтер қауіп-қатерлерін бағалау және қолданылатын шаралар жоспарын шығару.
- Қоршаған ортаны басқару жүйеміздің сәйкестілігін растау үшін үшінші жақтың келіпдігін алу. Екі аудит өткізі.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

КПО-ның барлық бөлімдеріндегі қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және бағалау бағдарламаларын жүзеге асыру.

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыруды арттыру мақсатында жергілікті қызметкерлерді оқыту мен жан-жақты дайындауды жалғастыру.

Батыс Қазақстан облысында ең таңдаулы жұмыс беруші ретінде КПО-ның беделін сақтап, абыройын көтеруді жалғастыру.

- ~ Техникалық емес жұмыстарға Біліктілікті басқару жүйесі аяқталды.
- ✓ 24 жоғарғы лауазым жергілікті мамандармен алмастырылды. Жергілікті қазақстандық қызметкерлерді жаттықтыру 250,000 сағатқа жетті, яғни әрбір қызметкер орташа есеппен 67 сағат оқытылды.
- ✓ 2009 жеке даму сараптамасы жасалды. ҚТ бойынша оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламасы жүзеге асырылды.
- ✓ Ең үздік ұжымдық келісім үшін Ұлттық "Парыз" сыйлығымен марапатталды. БҚО Оралда өтетін жастар форумына қолдау көрсетті.
- ✓ Қызметкерлерге сұрақ қою шаралары өткізілді.

- Біліктілікпен басқару жүйесінің қолдануын арттыру (75% енгізу деңгейіне жету).
- Инженерлерге арналған кәсіби дамыту бағдарламасын дайындап жүзеге асыру.
- Техникалық мамандарға (Техниктер мен операторларға) арналған OPITO стандарты бойынша кәсіби дамыту жоспарын бастау.
- КПО-ның жергілікті жұмыс күшін жаттықтыру және дамыту жоспарын жүзеге асыру.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Жергілікті мамандардың өлеуетін дамыту бағытындағы Республиканың алға қойған талаптарын орындауды жалғастыру.

Жергілікті компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында КПО-ның өлеуеттік мүмкіндіктерін жасау, ұзақ мерзімді қаржылық операциялар үшін тұрақты экономикалық тұғырнама құру.

Өндіріс жұмыстарына қажетті қазақстандық компаниялармен қамтамасыз етілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметпен қолдануды арттыру.

Тұрақты өлеуметтік және экономикалық дамуға үлес қосу.

- ✓ Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру бағдарламасының алғашқы он жылдық мақсаттарына қол жеткіздік.
- ✓ Келесі он жылдық шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру жоспары өкілетті мекемелермен келісілді.
- ✓ Қазақстандық қатысымды реттейтін кеңсе облыс орталығы Орал қаласында жұмысын бастады және мердігерлермен семинарлар жүргізу жоспары жүзеге асырылды.
- ✓ Батыс Қазақстан облысының он компаниясына ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттарын кешенді енгізуіне көмек көрсетілді.
- ~ КПО мен басты өндіруші компаниялар арасында Түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
- ✓ Қазақстандық қатысым 49%-ға жетті.
- ~ КПО-ның деңгейінде БҚО-мен бірігіп әрекет ету жұмыс тобы құрылды.

2010 жылға белгіленген нәтижелерге жету үшін Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру бағдарламасын жалғастыру:

- 1 Категориядағы - 58%
- 2 Категориядағы - 89%

КПО-ның өндіріс жұмыстарына қажетті қазақстандық компаниялармен қамтамасыз етілетін тауарлар мен қызметпен қолдануды тұрақты өсіруге қол жеткізу.

Мердігерлер өз қызметтерін стандарттарға сай, қауіпсіз әрі сапалы орындауды қамтамасыз етуін бақылау.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Жергілікті халықтың еңбекке араласуын қолдау және жетілдіру.

Өлеуметтік қажеттіліктерге бөлінетін қаржы салымы стратегиясын және өлеуметтік көрсеткіштер жоспарын дайындау және оны жүзеге асыру.

- ✓ 22 ауылдық кеңес және жаңа жобаларға қатысты 4 ашық мәжілістер өткізілді.
- ✓ Жергілікті қауымдастықтардың өлеуметтік жағдайының бастапқы күйін бағалау аяқталды.
- ~ Жергілікті қауымдастықтардың өкілдері шағымдану және арыз беру процедурасын жетілдіру турасында кеңес өткізді.
- ✗ Өлеуметтік жұмыстар жоспары дайындалды. 2010 жылы күшке енеді.

Өлеуметтік қажеттіліктерге бөлінетін қаржы салымы стратегиясын және өлеуметтік көрсеткіштер жоспарын шығарып, жүзеге асыру.

КПО-ның жергілікті ауылдарды дамыту бағдарламасын енгізу.

Жаңартылған шағымдану және арыз беру процедурасын шығару.



Қарашығанақ кенін өндіру

Қарашығанақ кені әлемдегі ең ірі мұнай газ және конденсат кен орындарының бірі болып табылады. Кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километр аумақты алып жатыр. Мұнда 9 миллиард баррельден астам конденсат және 48 триллион текше фут газ қоры бар. Қазіргі таңда көмірсутектердің есептелінген бастапқы баланстық қорының шамамен 7-8% өндірілді.

Қарашығанақ кеніші өндірісте қиыншылықтар туғызатын алыс жерде орналасқан және сыртқы ауа температурасы қыс мезгілінде минус 40° С-тан жаз айларында плюс 40° С-қа дейін жетеді. Беткі қабаты 3500м тереңдікте орналасқан қалыңдығы 1600 м кеніш өндірісі өте күрделі болып келеді. Көмірсутектер құрамында жоғары уытты күкіртті сутектің 4½ пайызы, сонымен қатар кейбір жағдайларда жоғары тоттандыратын көміртек диоксиді бар.

Биджи Групп және Эни (әр қайсысында 32.5% бар бірлескен операторлар), Шеврон (20%) және ЛУКОЙЛ (15%) төрт халықаралық мұнай компаниялар бірлестігі – «Карачаганақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) 1997 жылдан бері Қарашығанақ кен орнын өндіру мен дамытуды басқарады.

1997 жылы серіктес-компаниялар Қарашығанақ кен орнының аумақты қорын игеру үшін Қарашығанақ кен орнын 2038 жылға дейін өндіру бағдарламасын анықтайтын Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойды. Серіктестер өздерінің халықаралық тәжірибесін біріктіріп, Қарашығанақ кенішінде максималды жоғары құндылыққа қол жеткізу үшін өз біліктілігін ҚР-мен бөлісуде.

Қазіргі таңда КПО компаниясында білікті және көп ұлтты топты құрайтын 4000-нан астам адам қызмет атқарады. Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) бекітілгеннен кейін, КПО тұрақты экономикалық көрсеткішті ұлғайту мақсатында



өндірістегі жетекші технологияларды қолдана отырып, кенді дамытуға шамамен 14 миллиард АҚШ долларын жұмсады.

Қарашығанақ кенішінің алыс қашықтықта орналасқандығынан, өндірілген көмірсутектердің басым бөлігі экспортқа шығарылады. Шамамен көмірсутектер өндірісінің 80 пайызы тұрақты мұнай ретінде батыс нарықтарына, оның ішінде КҚК құбыры арқылы Қара теңізге және Атырау-Самара құбыры арқылы Транснефть жүйесіне жіберіледі, одан әрі мұнай Қара теңіздегі Новороссийск, Балтық теңізіндегі Приморск және басқа да Еуропа бағыттарына экспортқа шығарылады.

Қалған көмірсутектер тұрақсыз конденсат күйінде Орынбор арқылы Ресейге шығарылады. Негізінде, кеніште өндірілетін барлық газ не тазартылмаған газ күйінде Ресейге сатылады не пласт қысымын сақтап тұру үшін жер қабатына қайта айдалады. Газдың кішкентай бөлігі ғана электр қуаты ретінде немесе жылумен қамтамасыз ету мақсатында қолданар алдында күкіртті сутектен айыру үшін тазартылады. Өндірілген газдың шамамен 0.14% қалыпты өндіріс және бұрғылау операциялары кезінде жағылады. Қарашығанақтағы ілеспе газды жағу жөніндегі ақпаратты Қоршаған ортаны қорғау аясында атқарылған жұмыстар бөлімінде 16 бетте таба аласыз.

Үздік технологияларды қолдану арқылы жеткен жетістіктер:

- ◆ Инновациялық кең көлемдегі жоғары қысымды тазартылмаған газды қайта айдау жүйесін қалыптастыру;
- ◆ Қазақстандағы ең терең көп тармақты ұңғымаларды бұрғылау;
- ◆ Жаңашыл ұңғыма сынау құрылғысын пайдалану және газ турбиндерін құрамында азот қышқылдары мен ылғалдылық төмен болатын DLN жағармай күйіне келтіру арқылы ұңғыма сынағы және ұңғыма операциялары нәтижесіндегі парник газ (GHG) шығарындыларын азайту.

Кен орнының орналасуының сипаттамасы керек болса, ортадағы 22 бетті қараңыз.



2009 ӨНДІРІС ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАМУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

2009 жылы КПО тұрақтандырылған және тұрақсыз конденсат, шикі және тазартылған газ күйінде жағармай ретінде қолдану үшін 139.4 миллион баррель мұнайды өндірді. Бұл 2008 жылмен салыстырғанда миллион баррель мұнай эквивалентінде үш миллионға артық болды. Оған қоса, 6,589 миллион текше фут шикі, құрғақ газ жер қабатына қайта айдалды, бұл көлем барлық өндірілетін газдың шамамен 42%-на тең.

КПО 2009 жылы жүзеге асырған басты дамыту іс-шаралары:

- ◆ Өндірісті және газды қайта айдау ұңғымаларын оптимизациялау үшін тоғыз ұңғыманы бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастыру;
- ◆ ҚӨК-дегі төртінші тұрақтандыру технологиялық желісі құрылысын ілгерілету;
- ◆ Актив тұтастығын жақсарту үшін жоспарланған басты жұмыстарды ілгерілету;
- ◆ II Кезең / ИМ (Қызмет көрсету) кезінде салынған өндіріс нысандарының өндірістік өнімділігін арттыруды жалғастыру; және
- ◆ Қарашығанақ кенін игерудегі келесі III Кезең стратегиясын дамыту. Бұл стратегия Өкілетті мекемелермен қарастырылып жатыр.

2009 Өндіріс

Жалпы Өндіріс	МЛН б.м.э.	139,4
Тұрақсыз сұйық көмірсутек ОГӨЗ және МТУ жіберілетін конденсат	мың т	2295
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутек КҚК және КТО-Самараға жіберілетін мұнай мен тұрақтандырылған конденсат	мың т	8607
Шикі газ ОГӨЗ жіберілетін	млн текше метр	8266
Тазартылған газ өндірісі Зауыт қажеттіліктерін және жергілікті тұрғындарды қамтамасыз етеді	млн текше метр	686
Газды қайта айдау Сатылымға жіберілмегендіктен жалпы өндіріс ретінде қарастырылмайды	млн текше метр	6589





КПО Корпоративтік басқару жүйесі

Кең көлемдегі инвестициялық тұрақтылықты сақтауда жақсы басқару маңызды болып табылады. Қиын ортада қызмет атқаратын КПО секілді бірлескен кәсіпорынның үздіксіз жетістікке жету үшін берік басқару, бақылау және кепілдікпен қамтамасыз ету үдерістерінің маңызы зор.

КӘСІПОРЫННЫҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Біздің кәсіпорынның құрылымы бизнес мақсаттарымызға жетуге және кәсіпорынның басты құжаты – Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісіммен (ӨБТК) айқындалған ҚР алдындағы міндеттемелерімізді орындауға септігін тигізу үшін жасалынған.

КПО-ның ең жоғарғы басқару органы – төрт бас компанияның және ҚР Үкіметі өкілдерінен тұратын Басқару бойынша бірлескен комитет.

КПО-ның ең жоғарғы серіктес органы – төрт бас компанияның өкілдерінен тұратын Мердігерлер комитеті. КПО-ның ең жоғары лауазымдағы тұлғасы – Бас директор – Мердігерлер комитетіне Оператор-компаниялар, яки Биджи Груп және Эни атынан қатысады.

Бас директор Басқару комитеті мүшесі ретінде тікелей Биджи Груп пен Эни оператор-компанияларына есеп беретін комитет жұмысына қатысады. Бас директор, оның орынбасары және басқа директорлар Басқару комитетімен тағайындалады.

КПО әрбір директорының жұмыс атқару мерзімі – үш жыл. 2009 жылдың қазан айында Эни компаниясының қызметкері Бас директор ролін Биджи Груптағы әріптесінен қабылдады, ал Биджи Груптан тағайындалған орынбасар Эни компаниясындағы әріптесін осы қызметте ауыстырды. Бизнесінің үздіксіз дамуына байланысты екі жаңа директорат – Директор орнын алғаш рет Қазақстандық маман басатын Үкіметтік мекемелермен өзара әрекет директораты және жобаларды дамытудағы КПО нәтижелілігін арттыру үшін Жобаны жүзеге асыру директораты құрылды.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

КПО-ның жоғарғы стандарттарға берік болуы саясаттар, үрдістер және тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады. Бұлар біздің басқару жүйемізге топтастырылған Тәртіп Кодексі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты бес жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары, Өндірісті басқару жүйесі және Корпоративтік басқару жүйесі нұсқамасын қамтиды.

2009 жылы Операторлардың Орнықтылық жөніндегі жұмыс тобы атқарған қызу жұмыс нәтижесінде КПО өз Орнықты дамыту жарғысын жария етті. Бұл жарғы КПО-ның орнықты даму турасындағы іс-әрекеттеріне басқарушы принциптер мен негізін қалау үшін

құрастырылған және бұл принциптер халықаралық үздік тәжірибесі мен Оператор-компаниялар тәжірибесінен алынды.

КПО Орнықты даму жарғысын КПО сайтында www.kpo.kz және Интранет-порталда табуға болады.

СӘЙКЕСТІЛІК КЕПІЛДІГІ

КПО басқармасы мен төрт бас компанияларға қауіп-қатерлерді, оның ішінде тұрақтылық қауіп-қатерді анықтау мен басқару және бекітілген үрдістерге сәйкестілігін қамтамасыз ететін тиімді үрдістер жүзеге асырылып жатқандығын растау үшін барлық жүйелер мен саясаттар тексерістен өтеді. Компания шеңберінде, бірнеше топтар, оның ішінде КПО-ның барлық іс-шараларын тексеретін Ішкі корпоративті аудит бөлімі аудит шараларын жүзеге асырады. Аудитке жататын арнаулы салалар жыл сайын КПО ішкі қауіп-қатер анықтайтын жүйесінің бағытымен, Директорлармен талқылаулар нәтижесінде, бас компаниялар ұсыныстары және КПО өндірістік аймақтарын және қажетті аудит жиілігін көрсететін Аудит моделіне сәйкес анықталады.

Ішкі аудитке қоса, біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйеміз халықаралық деңгейде мойындалған Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі стандарты ИСО 14001 сертификатымен расталған. 2009 жылы біздің басқару жүйеміздің кәсіби денсаулық және қауіпсіздік техникасы аспектілері турасында OHSAS 18001 сертификатына қол жеткіздік.

Компаниядан тыс сыртқы сәйкестілікті қарастыру жүйелі түрде орын алады. Өз стандарттары мен өндірістік үздік тәжірибемен сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін бас компаниялармен және Қазақстан Республикасы заңына сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін өкілетті мекемелермен қарастырылады.

СӘЙКЕСТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2008 жылғы Бас компаниялардың сәйкестілікті тексеру аудитінен кейін, КПО Тәртіп кодексін және оған байланысты құжаттарды қайта қарастырды. Осы жұмыстың нәтижесінде, КПО-дағы Сәйкестілік құрылымы өзгертілді және қазіргі кезде арнайы құжаттар, саясаттар және нұсқаулардан тұрады. Сәйкестілік құрылым Компания ішіндегі сәйкестілікке қатысты барлық мәселелерді ретке келтіріп, нұсқау береді және компания аясында үлестіріліп, қолданылатын КПО-ның негізгі құндылықтары мен түпкі сенімдерін қалыптастырады.

Сәйкестілік құрылымдағы басты құжат Тәртіп кодексі болып келеді. Ол КПО бизнесін жүргізуде басшылыққа алатын басты принциптерді, құндылықтарды, және іс-әрекетті айқындайды. Бас директор қарастырылған Кодексті 2009 жылдың басында көпшілік назарына ұсынды және КПО қызметкерлерінің барлығы КПО интранет-порталында осы құжатпен танысу нұсқауын алды. Мүдделер қарама-қайшылықтары саясаты дәл осындай үдеріске ұшырады, қайта қарастырылып, бірдей уақытта жарық көрді.

Егер де қандай да бір қызметкер КПО аясында шағымданса не дау-дамай жағдайға тап болса, қолданылатын шараларды сипаттайтын Шағымдарды басқару нұсқауына жүгінуіне болады.

Сәйкестілік құрылымы Сәйкестілік жөніндегі бөлімінің құзырында. Бас директор төрағалық ететін КПО Сәйкестілік комитеті үш айда бір сәйкестілікке байланысты мәселелерді қарастыру үшін жиналады.

КПО Сәйкестілік құрылымы жөніндегі ақпаратты күшейту, тиімді орындалуын бақылау үшін әр Директорат пен бөлімнен арнаулы Сәйкестілік өкілі тағайындалады. 2009 жылы Сәйкестілік бөлімі Сәйкестілік өкілдеріне Сәйкестілік жөнінде оқу-семинарларын өткізді.

Әрбір Сәйкестілік құрылымында ақиқат немесе күдікті тәртіп бұзушылық жөнінде шынайы мәселелерді Заңға сәйкестілік жөніндегі бөлімге хабарлауға болады. Осы тектес барлық жағдайлар Сәйкестілік комитетіне тергеу қажеттілігін анықтау үшін жіберіледі, қажет болған жағдайда, тергеу барысы анықталады. Сәйкестілік комитеті шағымданушы көзқарасы дұрыс деп шешім қабылдаса, жүзеге асырылатын іс-шаралар айқындалады.

Тәртіп кодексі жарық көргеннен бері, 28 компания қызметкері Заңға сәйкестілік бөліміне жеке мәселелерімен не шағымдармен жүгінді.



14 жағдайда қызметкерлер Заңға сәйкестілік кеңесшісінің түйіндемелеріне сүйеніп, еш шаралар қолданбады. Қалған 14 жағдайда тергеу жүргізіліп, Еңбек ресурстары жөніндегі бөлім

қатысуымен шешілді. Барлық шағымдардың үшеуі Сәйкестілік комитеті ұсынғандай еш әрекетсіз қанағаттанарлықтай аяқталды. Шағымдар тәртіптік мәселелерді, мүдделер дау-дамайын, дінге қатысты, жұмыстағы қарым-қатынас, саясаттарды бұзу, адамдардың жеке қарым-қатынасы және жұмысқа алу үрдістері турасында болды.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

КПО өз қызметі аясында адам құқығын қорғауды қолдайды. Бұл іске берілгендік КПО тәртіп кодексінде айқындалған және КПО, өз бетінше, құқық қорғауда сәйкестілігін халықаралық стандарттарға сай екендігін және үздік тәжірибеге келуін 2008 жылы Дат Адам құқығы институты көмегімен тексерді. Осы бағалау қорытындысы сәйкестіліктің жақсы деңгейде екенін көрсетті. 2009 жылы институт ұсыныстары негізінде Адам құқығын қорғау мен қауіпсіздіктің ерікті негіздері жаңа Бас қауіпсіздік жоспарына енгізілді және ерікті топтарға кеңес беру мен әлеуметтік дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Түрлілікті басқару саласында КПО жетекші Мәдениаралық біліктілікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУДЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ БАСТАМАСЫ

КПО кәсіпорнындағы төрт серіктес Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндіруде шынайылық бастамасын бекіткен және үкімет пен қоғамның пайдалы қазбалар өндірісінен келген пайданы басқаруды жақсарту іс-әрекеттерін қолдайды.

Жыл сайын, КПО кәсіпорнындағы серіктес-компаниялардың әр қайсысы Қазақстандағы ЕІТІ шоғырлану мекемесіне Республикаға төленген қаржы соммасы жөнінде есеп береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНУЫ

КПО ресми түрде ағылшын және орыс тілдерін қолданады, бірақ қазақ тілінің қолданылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. КПО-да Тілдерді дамыту жобасы тобы құрылып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген аудармашылар жұмысқа алынды. Жалпыға қажетті құжаттар, оның ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ хабарлары, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты, Орнықтылық қағидасы, КПО веб-сайты және осы Есеп үш тілде жарық көреді. Жұмыскерлерге және мүдделі топтарға жолданатын компанияның Қарашығанақ ақпарат газеті мақалалары да қазақ тілінде жарық көреді, осыған орай, келешекте КПО қазақ тілі құрамын үлкейтуді жоспарлап отыр. 2009 жылы жұмыскерлер арасында қазақ тілі турасында семинар, дөңгелек үстел жиналысы және қазақ тілі жарыстары өткізілді, және үш тілдегі техникалық глоссарий дайындалып, барша назарына ұсынылды. Қазақ тілі сабақтары барлық жұмыскерлер үшін өткізіледі.



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Қауіпсіздік техникасы КПО-да жүзеге асырылатын барлық жұмыстарымызда маңызды орын алады. Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан ауқымды әрі күрделі кен орынды дамытып, пайдалану – әр қызметкерден, әр мердігерден қауіпсіздік техникасын әрдайым ескере жүруін талап етеді. Әрбір мұнай және газ операциясы өзіне тән қиыншылықтар және қауіп-қатерлермен бірге жүреді: Қарашығанақта жоғары және құбылмалы температура, шығарып өңдейтін көмірсутектердің құрамында аса жоғары мөлшерде күкірт сүтегінің болуы, және жоғарғы қысымда тазартылмаған газды қайта айдау жүйесі бұл ауыртпалықты арттырады.

БАСҚАРУ ӘДІСІ

КПО Еңбекті қорғау, Қауіпсіздік техникасы және Қоршаған ортаны қорғау саласында компания жоспарлаған мақсаттарға қол жеткізуге, қауіп-қатерлерді басқарып және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын үздіксіз жақсартуды әрі қарай қолдауды қажетті негізбен қамтамасыз ету үшін бірыңғай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін жасап шығарды. Бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптары компанияда енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі анықтама кітабында жазылған. Жоғары басшылықтың компания шеңберінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді жақсарту міндеттемелері 2009 жылы қайтадан қарастырылып, Бас Директормен бекітілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында анық көрсетілген.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында КПО компаниясы Еңбекті қорғау, Қауіпсіздік техникасы және Қоршаған ортаны қорғау саласын белсенді түрде басқаруға толығымен міндетті екендігі туралы, әрбір қызметкер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ үшін жеке жауапты және кез келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты мәселені ашық айтуға құқылы деп жазылған.

Бұл саясат КПО иемденген және пайдаланып отырған әрбір нысанда қолданылады, сонымен қатар саясаттың барлық талаптарын толығымен орындау мердігерлер, қонақтар және әрбір қызметкер үшін міндет.

2009 жылдың қазан айында КПО компаниясы денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі бойынша OHSAS 18001:2007 Сертификатын алды. Компанияның OHSAS 18001:2007 қойған талаптарға сәйкестігі 2009 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өткен сертификациялау аудиты кезінде дәлелденді. OHSAS 18001 Сертификатына қол жеткізу 2008 жылы алынған ISO 14001 КПО-ның Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі жетістіктер тізбегін жалғастырды. КПО-ның халықаралық

стандарттар бойынша сертификат алынған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін әрі қарай дамытып, қолдану бойынша міндеттеме алуы компанияның өз жұмыстарын үздіксіз жақсартуға талаптанатынын көрсетеді.

Қауіп-қатерлерді басқару – компания қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Біз қауіп-қатерлерді сараптау жетілдірілген техникасын қолданудамыз және Қарашығанақ кені аумағындағы КПО-ның әрбір нысанында қауіп-қатерді азайту шараларын белгілейміз.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Компанияның басты әрекеттері қауіпсіздік жөніндегі қауымның білімділігін арттыру және қауіпсіздік техникасы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. 2009 жылы КПО Өмір сақтау науқанын бастады.



Бұл науқан жеті аса қауіпті жұмыстарға белгіленген кемінде қолданылуы тиіс қауіпсіздік шараларына негізделді. Бұл міндетті шаралар КПО Алтын ережелерімен ұштастыра айқындалды және Қарашығанақта, бас компанияларда және жалпы мұнайгаз өндірісінде орын алған апатты жағдайлардан үйренген тәжірибесінің көрінісі болып келеді.

КПО қызметкерлері және басқа қамтамасыз етуші компаниялардың жұмыскерлері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ функцияларын тез және оңай табу үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ интранет беті 2009 жылы дайындалып, пайдалануға берілді, сонымен қатар осы интранет

бетінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері жөніндегі маңызды ақпарат материалдары сақталған.

Қауіпсіздік техникасы мәдениетін өркендету жоспарына КПО жанындағы жергілікті қауымдастықтар да кіреді. Компания мамандары жергілікті радиотолқынмен бірлесіп көптеген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін халыққа жеткізу үшін жергілікті тұрғындарға пайдалы және қызықты радиобағдарлама жүргізеді. Талқыланатын тақырыптар арасында электр жұмыстар қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, орман өрттері, жоғары қан қысымы және т.б. кездесіп жатады.


2009 ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2009 жылдың 21-ші наурызында КПО жұмыс уақытын жоғалту апатынсыз 1 жыл жұмыс істеп шықты. Жоспарланған толық тоқтатылым және рекордты өндіруді қамтитын бұл жетістіктерге біз 12 ай мерзім ішінде қол жеткіздік.

2009 жылдың шілде айында КПО тарихында тағы да бір маңызды оқиға орын алды. Жұмыс уақытын жоғалту апатынсыз 40 миллион адам сағат көрсеткішіне қол жеткіздік.

КПО-ның 2009 жылы және өткен бес жылдың ішіндегі жалпы қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген. Кесте бойынша 2009 жылы жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиілігі 0.15 (2008 ж. 0.11) болды, ал жалпы тіркеуге міндетті оқиғалар жиілігі (1 миллион жұмыс сағатына шаққандағы тіркелген оқиға/ апаттар жиілігі) 0.65 (2008 ж. 0.40) болған.

Біздің қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштерімізді компания көлемінде жақсартуымызға және алған міндеттемелерімізге қарамастан, 2009 жылдың екінші жартысында көрсеткіштер күрт нашарлап кетті. Бұл желтоқсан айының 19-да мердігеріміздің бірі қысым өлшеу операциясы кезінде қаза болған қайғылы оқиғамен байланысты болды.





КПО-да болатын барлық оқиғалар сияқты әрбір жұмыс уақытын жоғалту апаты осы апаттарға қатысы жоқ КПО-ның әр түрлі бөлімдерінен құрылған ішкі зерттеу комиссиясымен зерттелді. Апаттарды қайтадан болдырмау үшін шаралар қолдану жоспарлары дайындалды, артынан бекітіліп, жүзеге асырылды. Зерттеуден кейінгі шаралардың орындалуы КПО-ның электронды тіркеу дерекқорында тіркеледі.

Осыған байланысты 12 желтоқсанда компания көлемінде қауіпсіздік техникасы бойынша сараптама жүргізу үшін жұмыстар тоқтатылды. Бұл шара барлық қызметкерлерге қауіпсіздік ережелері бойынша хабарларды жеткізу және талқылау үшін компанияның барлық учаскелерінде және кеңселерінде жұмыс тоқтатуға әкеп соқты.

Осы қайғылы оқиғаға байланысты алғашқы талқылауға дейін барлық ұқсас жұмыстарды тоқтату туралы тез арада хабар жеткізілді. Оқиғаны талқылау есебі дайындалды, әрі КПО-ның қызметкерлері, мердігерлері және мүдделі топтарымен ұйымдастырылған талқылаудың өзекті мәселелерін және хабарламаларын талдауға арналған бірнеше жиналыстар өткізілді. Осы оқиғаны зерттеу есебі нәтижесінің бір жақсы жағы апаттарды алдын ала ескерту және болдырмау шаралары тез әрі нәтижелі орындалды, сонымен қатар КПО-ның процедурасына сәйкес болды. Компанияның қауіпсіздік техникасы мәдениетін жаңа бағытта дамытатын анық және нақты шаралар жоспары дайындалып, қазіргі таңда компания көлемінде жүзеге асырылуда.

2009 жылы КПО соңғы он жылдық жұмыс уақытын жоғалту апаты жиілігі (апатсыз болған бір миллион адам сағат көрсеткіші) Халықаралық мұнай және газ өндіруші одағының деректерімен салыстырылды. Төмендегі кестенің мәліметтеріне сүйене отыра, 2008 жылға дейін КПО-ның жұмыс уақытын жоғалту апаты көрсеткіштері орташа өнеркәсіптің және одақтың алдыңғы қатардағы

он компанияларының көрсеткіштерінен төмен болғанын көруге болады. Кестені дайындау кезінде 2009 жылға қатысты одақтың мәліметтері болған жоқ.

2010 ҚАУІПСІЗДІК ЖОСПАРЫ

КПО қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштерді жақсартуға және қызметкерлерге өз жұмыстарынан ешқандай зиян келмейтініне кепілдік беруге бел буып отыр. 2009 жылдың соңында дайындалған КПО-ның 2010 жылғы қауіпсіздік техникасы бойынша жоспары 2009 жылдың екінші жартысындағы компанияның қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштерінің күрт нашарлауы туралы мәселеге зейін аударуға арналған. Аталған жоспар КПО-ның қолданыстағы бес жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиялық жоспарын қамтиды және жақсартудағы ең маңызды төрт салаға назар аударуға бағытталған, олар: қауіпсіз жетекшілік, мердігерлерді басқару, әр-түрлі қауіп-қатерлер туралы хабардар болу, бақылау және өлшеу. Жоспар бойынша стратегиялық міндеттер және әрбіреуіне белгіленген арнайы шаралар мен міндеттемелерді қамтитын бір жылдық мақсаттар қойылған. КПО-ның жалпы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ



басқару жүйесінің үздіксіз жақсарып келетініне кепілдік беру үшін маңызды төрт сала келесі қосымша элементтермен қамтамасыз етіліп, толықтырылған: төтенше жағдайларға дайындық, қауіп-қатерді басқару, жаттығулар мен жете білушілік және байланыс.

Төтенше жағдайларға дайындыққа байланысты 2009 жылда жүзеге асқан қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштерге басқа да жетілдіру шаралары енгізілген болатын, соның ішінде заманауи апаттарды басқару орталығының ашылуын атап өтуге болады. Дағдарысты басқару кезіндегі үздіксіз әрі тиімді жетекшілікке кепілдік беру үшін директорлар мен басқарушыларға

төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету және дағдарыс кезінде байланыс тренинг жаттығулары өткізілді.

Жаттығулар мен жете білушілікке байланысты жаңа Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және оңтайландыру бағдарламасы (STEP) дайындалып, КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласының барлық қызметкерлерінің білімін және дағдыларын жаңартып, халықаралық стандарттарға сай болу мақсатымен компания көлемінде қолданыс тапты. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарын қолдау үшін елдің Заң жүйесін келістіру стратегиясына сәйкес болуға арналған. ҚТ саласына қатысты жаттығулар және оңтайландыру бағдарламасы, (STEP) сонымен қатар, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Институтының талаптарына сай, және КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласының кәсіпқойларына арнайы дайындалып, жұмысқа кедергі жасамайтын кәсіби бағдарламасын қамтиды. Басында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 14 инженерден құралған топ қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығулар және оңтайландыру бағдарламасын (STEP) 2009 жылдың желтоқсан айында бастап үйреніп кетті. Ал 2010 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 120 қызметкерден астамы осы бағдарлама бойынша оқып үйренуге тиісті. Болашақта ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты барлық қызметкерлер өздерінің кәсіби дамуын жоғарыда айтылған бағдарламамен байланыстырады деп жоспарлап отырмыз.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

КПО өндіріс жұмыстарын алыс жерде жүргізгендіктен, қызметкерлер мен мердігерлер күн сайын жұмысқа бару үшін алыс қашықтықтарға жол жүру керек, сондықтан жолда болатын апаттар мен қатерлерді азайту КПО үшін маңызды мәселелердің бірі.

КПО компаниясының көлік жүргізушілерінің аса қатерлі ыңғайсыз жағдайларда қауіпсіз жүргізу қабілеттерін арттыру үшін бірнеше бастамалар жүзеге асырылған. Олар қауіпсіз жүргізу курстарын және жолаушыларға берілетін қауіпсіз жүргізуді бақылау картасын қамтиды. Бұл шаралар жол апаты оқиғалар жиілігін (жүріп шыққан бір миллион км шаққанда болатын жол апаты оқиғалары) 2008 жылғы 0.06 көрсеткішінен 2009 жылғы 0.04 шамасына дейін төмендетті деген сенімдемеміз.

Жергілікті ауылдардағы жол қауіпсіздігі КПО компаниясының назарындағы тағы бір сала. 2007 жылдан бастап КПО компаниясы жергілікті халықтың жол қауіпсіздігі туралы хабардар болуын жетілдіру мақсатымен жол қауіпсіздігі

науқанын орындап, жүзеге асырған. Науқан компания ерікті қызметкерлері көмегімен жүзеге асырылған радио байланыс арқылы жол қауіпсіздігі туралы сауалнама жүргізу, көшедегі жарнама тақталарында ілінетін жол қауіпсіздігі туралы суреттерін салуға арналған жыл сайын өнер жарысын ұйымдастыру және мектептерде жол қауіпсіздігі жөнінде көрнекі хабарламалар өткізу шараларын қамтиды.

Жол қауіпсіздігі науқанын жүргізу үшін КПО бірнеше инфрақұрылымдық жетілдіру жұмыстарын жүргізді, атап айтқанда, жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 20 автобус аялдамасын салды, оған қоса КПО қызметкерлер тұратын қалашықтың айналасындағы жолдарды жөнге келтірді. Бұл жақсартулар іргелес орналасқан тұрғындардың көңілінен шықты, және жолды кеспей, жаяу жүретін адамдарға арналған арнайы кішігірім жолмен қамтамасыз ету шараларын да қамтиды.

АКТИВТЕРДІҢ ТҮТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДА СЕРІКТЕСТІК

2009 жылы КПО компаниясы жаңа құрылған Қазақстандық мұнай және газ операторлар қауымдастығында (ҚМГОҚ) маңызды рөл атқаруды жалғастырды. Бұл қауымдастық мұнай және газ саласындағы кездесетін қауіпсіздік техникасына байланысты мәселелерді ашық талқылап шешуге ынталары бар Операторлардан құралған. Бұл бастама 2008 жылдың аяғында Төтенше жағдайлар министрлігінің көмегімен жүзеге асты. Бастаманың мақсаты өлемдегі мұнай және газ өнеркәсібі саласында ең жақсы практикалық шешімдерді анықтап, қауіпті өндірістік объектілерде жалпы қауіпсіздікті арттыруға көмектесу үшін Қазақстанда қолдану болды. 2009 жылы Қауымдастықтың мүшелері 4 рет кездесіп, бірлесіп әрекет жасаудың маңызды салаларын



өзара келісіп бекітті, оның ішінде ҚР нормативтері мен стандарттары ықпал ететін техникалық мәселелер болды (Мыс. қауіп-қатер факторларын ескере тексеріс өткізу, колонналар аралығындағы қысым және құбырлар тұтастығы).

Осындай бірігей жұмыстың арқасында, сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігі, Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша мемлекеттік бақылау комитеті және Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментімен бірігіп әрекет ету нәтижесінде КПО Қарашығанақ кеніндегі нысандарға арналған аса қауіпті нысандарды басқару практикаларына ресми келісулерді алып, айтарлықтай жетістікке қол жеткізді.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

КПО компаниясындағы денсаулықты басқару қызметкерлердің денсаулығын және жақсы тұрмыс халін қолдауға арналған, және Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау нормативтеріне сәйкес өткізілуде. Бұл қызметкерлерді және олар жұмыс істейтін және тұратын орталарын үздіксіз бақылауды қажет етеді. Оған қоса, ауру-сырқаулармен байланысты жұмыстарды анықтауды, тиісті алдын алу шараларын ұйымдастыруды, болжауды және емдеуді қажет етеді. OHSAS 18001 стандартының талаптары 2009 жылы денсаулықты басқару жүйесін дайындау кезінде ескерілген болатын.

Кен аумағында және кен аумағынан тыс жүргізілетін жұмыстармен байланысты Денсаулыққа төнетін қатерлерді бағалау жалғастырылды, әрі ҚТ корпоративті мәселелер жөніндегі бөлімімен түзету шараларын енгізу үшін жаңа тіркеу жүйесі дайындалуда. Денсаулыққа төнетін қатерлерді бағалау жұмыстарының нәтижелері адам денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді азайтуға арналған тиісті сауықтыру



шараларының орындалуына қоса денсаулықты бақылауға тиісті салаларды анықтап алу үшін қолданылады.

Кепілді алғашқы көмек көрсету және төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсету емханаларда, жұмыс нысандарында және қызметкерлер тұратын қалашықта 2009 жылы қалыптастырылды.

Алдын алу шаралары ретінде барлық қызметкерлер міндетті бастапқы және белгілі мерзім сайын қайталанатын денсаулықты тексеру комиссияларынан өтуге тиісті. Жүргізушілер сияқты кейбір топтағы қызметкерлер арнайы медициналық тексерулерден және әр кезек басында болатын медициналық тексеруден өтуге міндеттелген. КПО қызметкерлері аталған медициналық тексерулерді өтпей, немесе денсаулығына байлынысты жұмысқа жарамсыз болып танылса оларға жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Қазақстан Республикасының санитарлық нормативтер мен стандарттарының талаптарына сәйкес кен орында жұмыс істейтін барлық қызметкерлер денсаулықты бақылау жоспарымен қамтамасыз етіледі, әрі денсаулықты толығымен бақылау бағдарламасы КПО компаниясымен орындалады. Оған қоса, 2009 жылы кен операцияларына қатысы жоқ қызметкерлердің жалпы денсаулық көрсеткіштерін бағалау, олардың денсаулық күтіміне көңіл бөлу және ауру-сырқаттардың бастапқы белгілерін табу үшін кен орында жұмыс істемейтін қызметкерлерді жете медициналық тексеруден өткізу жоспарланған болатын. Бұл тексеру 2010 жылдың ақпан және наурыз айларында басталмақ. КПО-да дамып келе жатқан жүрек-тамыр ауруларға шалдығу қаупі бар қызметкерлерді анықтап алу үшін және оларға жеке алдын алу шаралар жоспарын дайындауға көмектесу үшін компания қызметкерлерінің жүрек ауруларына шалдығу қаупін бағалау жоспарланған.

Сонымен қатар, КПО-да хабардар болу науқаны және салауатты өмір салты туралы насихаттау жұмыстары жүргізіліп тұрады. 2009 жылы компания шылым шегуге қарсы науқанын бастап, қызметкерлерге шылым шегуді қойдыратын курстарын ұйымдастырды.

Санитарлық сәйкестілікті бақылау шаралары 2009 жылы жүйелі түрде жүргізіліп тұрды. Бұл шаралардың мақсаты кен орнындағы өнеркәсіптік қауіп-қатерлер жұмыс күшінің денсаулығына ешқандай кері әсер бермейтініне кепілдік беру, және вибрацияны, ауа сапасын, желдетуді, электрмагниттік өрісті/электрстатикалық өрісті және шуды бақылау шараларын қамтиды.



Осы салалар бойынша жылдық атқарылатын шаралар бағдарламасы дайындалып, Мемлекеттік санитарлық инспекциясы облыстық департаментінің келісуімен жүзеге асуда.

Радиацияны анықтап бақылау жұмыстары мемлекеттік өкілетті мекемесімен келісілген бағдарламаға сәйкес орындалды және бақылау нәтижелері көмірсутектерді өндіру және оған қатысты үдерістер радиозологиялық қаупін төндірмейтінін көрсетті. Қарашығанақ кен орнында Кеңес Үкіметі кезінде салынған ядролық жер асты қоймаларды жүйелі түрде тексеру мен бақылау ҚР тікелей міндеті және бақылау жұмыстары толығымен Ұлттық ядролық орталықпен жүргізіледі.

ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіз жұмыс ортасы – КПО бизнесінің табысты жүруіне ықпал ететін басты мәселелердің бірі. КПО Қауіпсіздік және адам құқықтары бойынша ерікті негіздерді таңдайды, және кәсіби білімсіздік, лайықсыз тәртіп және өз-өзін әдепсіз ұстау сияқты жағдайларға зейін салып, көңіл бөлуге шақырады, әрі осындай жағдайларды жасырмайтын қызметкерлерді мадақтайды.

КПО компаниясында қауіпсіздік саласында бағыт беретін басқару құралы – 2009 жылы жарық көрген Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бас жоспары. Жоспар өз қызметкерлерімізді, материалдық активтерімізді, ақпараттарымыз бен абыройымызды қорғауға арналған, әрі корпоративті және түрлі операцияларға байланысты пайдалану нысандарына қатысты саясаттар, процедуралар және жүзеге асырылуы тиіс шараларды қамтиды.

Құбырлардың қауіпсіздігін үздіксіз бақылау шараларымен бірге, бір-бірінен алыс қашықтықта

орналасқан компанияның барлық нысандарына кіруді қадағалау және мердігерлерді заманауи басқару шаралары 2009 жылы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болды. Қауіпсіз тәртіп туралы айтуға бағытталған Қауіпсіздік туралы хабардар болу науқанының арқасында 2009 жылы адамның жеке қауіпсіздігіне байланысты оқиғалар азайды. Сонымен қатар, біз КПО-да ұрлыққа байланысты оқиғалар саны күрт азайғанын байқадық.

Компания алдында тиісті жауап беру және алдын алу қабілеттіліктеріне кепілдік беру үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметкерлерді дамыту мен жаттықтыру 2009 жылы маңызды орын алуды жалғастырды. Бір қызметкеріміз Халықаралық басқару біліктілік дипломын алды, екі Қауіпсіздік қызметі жөніндегі бөлім бастықтары Біріккен Корольдіктегі қауіпсіздікті басқару халықаралық Академиясында өткен қауіпсіздікті басқару бойынша жаттығу курстарына қатысқан, және он алты қауіпсіздік қызметі бастықтары мен мамандары (мердігерлерді қосқанда) Ақсайда өткен Қауіпсіздікті басқару халықаралық Академиясымен (БК) жүргізілген қауіпсіздік бойынша жаттығу курстарына қатысты.

Құбырларға заңсыз қосылулар

2009 жылы ҚАТЖ экспорттық құбырына екі заңсыз қосылу әрекеті тіркелген. Уақытында анықталуы және әрекет ету тобының жылдам ұйымдастырылуы қоршаған ортаға да, қызметкерлердің денсаулықтарына да ешқандай зиян келтірілмегеніне кепілдік болды. Соңғы екі-үш жылдың ішінде осындай оқиғалардың саны азайғанымен, КПО сақ болудан таянбайды және заңсыз қосылуларды алдын алу, анықтау және тез жөндеу қабілеттілігін жақсартуды жалғастырып келеді.



Қоршаған ортаны қорғау аясында атқарылған жұмыстар

Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнында ҚОҚ саласында жақсы көрсеткіштерге жету үшін үздіксіз жұмыс атқару қажет. КПО аймақтағы қоршаған ортаны қорғау және климат өзгерісіне қарсы бүкіләлемдік іс-шараларға өз үлесін қосу мақсатында әлемдік дәрежеге сай техника мен инновациялық технологияларды қолданады.

Қарашығанақтағы ауа, топырақ, су, биотүрлілік және экожүйелерді қорғау Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады. Қоршаған ортаға әсер ететін мәселелер кез-келген жаңа жобаның ең бастапқы кезеңдерінде Қоршаған ортаға әсерлерді бағалау (EIA) арқылы айқындалады және ағымдағы өндірістік операцияларды бақылау бағдарламалары, алдын-алу және азайту шаралары Қазақстан заңына және біздің Еңбекті қорғау, Қауіпсіздік техникасы және Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ Басқару Жүйесі) жауаптыларға қойылатын талаптарға және процедураларға сәйкес жүргізіледі. КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі өндірістік озық практикалық қолданылымына сәйкес енгізілді және 2008 жылы ISO 14001 сертификатына ие болды. Халықаралық стандартқа сәйкес деген сертификатқа қол жеткізу үздіксіз табанды еңбекті талап етеді. 2009 жылы сертификаттау жүйесін сырттай тексеруші топтар КПО-ның ISO 14001 сертификатына сәйкестілігін тексеру мақсатында қайтадан екі бақылау аудитін жүргізді.

2009 жылы қоршаған ортаны қорғау саласында елеулі нәтижелерге қол жеткіздік. Соның ішінде, бұрғылау жұмыстарымен байланысты сұйық және қатты қалдықтарды қауіпсіз өңдеу мен орналастыруға мүмкіндік беретін нысан – Эко-Орталықтың ресми түрде ашылуы. Сонымен қатар, КПО әр ұңғыманы бұрғылау кезінде ең

үздік заманауи технологияларды қолданады. Бұл мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісін пайдалануға мүмкіндік береді, нәтижесінде су шығыны, атмосфераға шығарылатын ластайтын заттар және қалдықтар көлемі азаяды.

1997 жылы Қарашығанақты өндіру басшылығын алғаннан бері, КПО кен орнының экологиялық көрсеткіштерін арттыру мақсатында жүргізілген арнайы қоршаған ортаны қорғау шараларына 156 миллион АҚШ долларын жұмсады.

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

Соңғы жылдары көмірсутектерді өндіру жұмыстарымен байланысты атмосфераны ластайтын шығарындылар көлемін азайту мақсатында КПО жаңа әдістер мен технологияларды жетілдірді және енгізді. Мысалы, газды конденсаттан айыру барысында пайда болған газдарды өндіріске қайта жіберуге мүмкіндік беретін арнайы газды желдету компрессорлары орнатылды. Сонымен қатар, Газды кешенді дайындау 2-ші қондырғысында жүргізілетін қайта айдау жұмыстары ілеспе газдарды бұдан былай жандырмай, керісінше қоршаған ортаға зиянды азайту мақсатында газды жер қабатына қайта айдауға мүмкіндік береді. Осындай үздіксіз жұмыстардың негізінде атмосфераны ластайтын шығарындылар көлемін

едеуір азайту мүмкін болды. Соңғы үш жылда жалпы шығарындылардың көлемі шамамен 13%-ға азайды, ал жалпы көмірсутектерді өндіру көлемі жылдан-жылға артуда.

КПО-ның шығарындылар мен көмірсутектер өндірісі бойынша көрсеткіштері

Жандыру


Жандыру – шығарындыларды одан әрі азайту және көмірсутектер өндіру тиімділігін арттыру үшін КПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерінің алғышарты болып қалады. КПО 2009 жылы жалпы өндірілген газдың тек 0.14%-ын (2008 жылы 0.22%) жандырған болса да, біз нысанның үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және шығарындыларды азайту технологияларын одан әрі енгізу жолдарын (әсіресе ұңғыманы сынақтан өткізу және тазалау саласы бойынша) іздестіру жұмыстарын жалғастырамыз.

КПО 2008 жылы ұңғымаларды сынақтан өткізу жұмыстары кезінде жандырылатын газды қайта қолдану үшін Газ жағусыз өткізілетін ұңғыма сынағы технологиясын енгізді және 2009 жылы бұл технология стандартты өндіріс жүргізу практикасына айналды. 2010 жылы ұңғымаларды тазарту барысында сұйық көмірсутектерді және газды қайта қолдану ықтималдығын тексеретін боламыз.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде жандырылған газдың жалпы көлемі өндіріс көлемінің ұлғаюына қарамастан айтарлықтай төмендеді. 2009 жылы КПО шамамен 21 млн. текше метр газ (барлық өндірілген газдың 0,14 %) жандырды, 2008 жылмен салыстырғанда 36 % төмендеді және 2007 жылға




0.48%-на жауапты. 2009 жылы газды пайдаға асырудың әлемдік дәрежедегі көрсеткіші 99.86%-ға (2008 жылы 99.78 %) қол жеткіздік. Газды қайта пайдаға асыру бағдарламасы бойынша басқарушы органдардың бекіткен көрсеткіші – 99,66% болатын.



2009 жылы газды пайдаға асыру

КПО-ның газ жандыру көлемін азайту шараларын жүргізуі газды пайдаға асырудың әлемдік дәрежедегі көрсеткіші 99.86%-ға (2008 жылы 99.78 %) жеткізді.

- ◆ 2009 жылы КПО 15.5 миллиард текше метрден (млрд м3) астам газ өндірді. Оның:
- ◆ 8.3 млрд м3 (52.81%) Орынбор арқылы сатылды. КПО осы бағыт арқылы газ сату көлемін арттыру мақсатында жұмыс жасап жатыр;
- ◆ 6.6 млрд м3 (42.50%) жоғары қысымда күкіртті газды кері айдау жаңа технологиясын қолдану арқылы жер қабатына кері айдалды;
- ◆ 0.7 млрд м3 (4.55%) нысандар мен жергілікті тұрғындарды энергия көзімен қамтамасыз ету мақсатында көгілдір отын ретінде пайдаланылды; және



қарағанда 50 % төмендеді.

Егер де компанияны Қазақстан Республикасы ауқымында қарастыратын болсақ, КПО 2008 жылы өндірілген жалпы газ көлемінің 45%-ын өндірсе, жалпы жандырылған газ көлемінің шамамен



- ◆ тек 0.021 млрд м3 (0.14%) газ жағылды, бұл Қарашығанақтың Қазақстандағы мұнай газ конденсат кен орындарының ішінде газды пайдаға асыру бойынша жетекші орын алатынын дәлелдейді.

Ауа сапасын бақылау

Ауа сапасы кен орны аумағында және оған жақын орналасқан ауылдарда үнемі тексеріліп отырады. Бақылау нәтижелері атмосфераны ластаушы заттардың кен орнында және оған жақын орналасқан аймақтарда бақылаушы органдармен белгіленетін ластаушы заттардың мүмкін шекті рауалынан әлдеқайда төмен екенін көрсетті. Қарашығанақ кеніші мен оның әсер ету аймағының ауа құрамында ластаушы заттар шоғырлануына бейім емес.

Ауа сапасына бақылау жүргізіледі:

- ◆ КПО-ның барлық өндірістік нысандарында уақытша анықтаушы қондырғылар орналастырылған шығарынды көздері бар жерлерде бақылау жүргізіледі. Ластайтын заттардың шекті рауалынан асқан жағдайы тіркелген кезде, апаттық дабыл іске қосылады;
- ◆ күндіз және түні бойы жұмыс істейтін 12 автоматты экологиялық бақылау станциялары орналасқан Санитарлық қорғау аймағында (СҚА) және оның шекарасында бақылау жүргізіледі. Санитарлық қорғау аймағы – өндірістік операциялар ықпал етуі мүмкін зиянды әсерден елді мекендерді қорғау үшін ҚР Денсаулық министрлігімен бекітілген Қарашығанақ кеніші секілді ірі өндірістік нысандар айналасындағы қорғау аймағы. Қазіргі таңда Қарашығанақта анықталған санитарлық қорғау аймағы – 5км. Бұл экологиялық бақылау станциялары ауа сапасы туралы, соның ішінде күкіртті сутек (H2S), күкірт диоксиді (SO2), азот диоксиді (NO2) және көміртек монооксиді бойынша шұғыл ақпарат беретін сезімтал газ анализаторлармен жабдықталған. Сонымен қатар, тәуелсіз мемлекеттік лицензиясы бар компания, Гидромет күн сайын сынама алу жұмыстарын СҚА шекарасында жүргізеді;
- ◆ кен орнына жақын орналасқан сегіз ауылда Гидромет алған сынама нәтижесі және ауа сапасын бақылау туралы есептемелер әрбір ауылға ай сайын жеткізіліп отырады және хабарламалар тақтасына ілінеді.



Сонымен қатар, жылжымалы экологиялық бақылау станциясы ауыл тұрғындары газ иісі сезілгендігі туралы хабарлама берген жағдайда, оқиға болған жерге тез жету үшін арналған. Бақылау нәтижелерінің нақтылығын арттыру мақсатында Гидромет қызметкерлерінің сынама алу жұмыстарын жүргізуіне және бақылау үрдістеріне көмектесу үшін ауыл тұрғындары арасынан еріктілер таңдалып, арнайы оқу курстарынан өтті.

Осындай кең ауқымды бақылау жүйесінің негізінде КПО ластаушы заттардың шекті рауалынан асқан жағдайын тез анықтау және оған тез жауап беру үшін уақытында қажетті ақпаратты алып отырады. 2009 жылы кеніш айналасындағы ауылдарда барлық бақыланып отырған газдар бойынша шектеулі рауалынан асқан жағдайлар тіркелмеді.

Ауыл тұрғындары дайындығы

СҚА шекарасында және кен орнына жақын орналасқан ауылдарда ластаушы заттардың шекті рауалынан аспауына қарамастан, КПО төтенше жағдайларды тиімді басқару және тез әрекет ету мақсатында жергілікті әлеуметпен және сәйкес уәкілетті органдармен қарым-қатынасын жалғастыруда. КПО-да апаттық байланыс және апаттық хабарлау жүйелері енгізілді және тиімді әрекет етеді. Барлық жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әрбір ауылда хабарлау кестесіне және эвакуациялау жоспарларына сәйкес апатқа қарсы әрекет ету жаттығулары ұдайы өткізіліп отырады.

Бірлескен апаттық жаттығу Қарашығанақ кенішіне жақын орналасқан ауылдар лауазымды өкілдерінің қатысуымен жылына бір рет өткізіледі. 2009 жылы кен орнына жақын орналасқан барлық ауылдардың

өкімдері, Жарсуат ауылының тұрғындары, Бөрлі ауданының және Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері қатысқан КПО-ның бірлескен апаттық жағдайдағы жаттығуы кеніштің солтүстігінде орналасқан Жарсуат ауылында өткізілді. КПО-ның Апаттық байланыс орталығы мұндай оқыту жаттығуын төтенше жағдайды анықтау және жою үшін бірнеше апаттық топ пен экологиялық бақылау қызметкерлерін қатыстыра отырып, арнайы ортада өткізеді. Ауылдағы дабыл жүйесі іске қосылысымен, ауыл өкіміне хабар жеткізілді және жергілікті тұрғындар әрекет ету жоспарында белгіленген тәртіпке сәйкес апатқа қарсы әрекет етті. КПО-ның апатқа қарсы әрекет ету топтары апаттық жаттығу аяқталғанша жергілікті төтенше жағдайларды басқару тобына көмек көрсетті. Уәкілетті органдар өкілдері жаттығу нәтижесіне және оның жалпы сәтті орындалуына оңтайлы баға берді. КПО тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын одан әрі жүргізеді және соңғы технологиялар мен жоғары стандарттарды енгізу мақсатында экологиялық бақылау, апаттық хабарлау және байланыс жүйелеріне жақсартулар енгізуді жалғастырады.

Парниктік газдарды азайту стратегиясы


КПО Қазақстан Республикасының талаптарына және Киото протоколы бойынша міндеттеріне сәйкес ғаламдық жылуға әкелетін Парниктік газ шығарындыларын азайту міндетін алды. Компанияның парниктік газдарды азайту стратегиясында бес жыл ішінде парниктік газ құрамындағы CO2 –экв. бір миллион тоннаға азайтуға әкелетін арнайы мақсаттар мен міндеттер анықталған. Жоғарғы басшылық бекіткен стратегия өндірістік оңтайландыру тәжірибесін кеңейту, ең озық қолжетімді технологияларды қолдану, мақсатты қаржы салымы, көп шығынды қажет етпейтін үлкен пайда әкелуге бағытталған жобалардың маңыздылығын анықтау, маңызды бастапқы зерттеу жүргізу және мәліметтер дұрыстығына тексерулер жүргізуге негізделген.

2009 жылы өндіріс көлемін арттыруға қарамастан, парниктік газдарды азайту стратегиясын іске асыру нәтижесінде мыналарға қол жеткіздік:

- ◆ парниктік газдар құрамындағы CO2-экв. 171,4 мың тоннаға дейін азайтылды;
- ◆ 2009 жылы парниктік газдарды азайту жобаларын үздіксіз іске асыру нәтижесінде (жылдан-жылға азайту) 98 мың тонна CO2-экв. азайтылғандығы тіркелді; және
- ◆ алға қойылған 1 миллион тоннаға дейін азайту мақсаты 33% орындалды.

Соңғы жылдары өндірістің бір миллион баррелінен келетін парниктік газдар шығарындылары едәуір

Парник газдарының атмосфераға шығуы (көмірқышқыл баламасында) тонна бір млн. баррель өндіруге шаққанда



азайды. Барлық азайтылған парник газдарының көлемі КПО-ға осы қол жеткізген көрсеткіштердің нақтылығы туралы кепілдеме беру мақсатында жыл сайын тәуелсіз компаниямен тексеріліп отырады.

2009 жылы парниктік газдарды азайту жобалары Ұңғыма сынағын газ жағусыз өткізу

Ұңғыманы сынақтан өткізу барысында өндірілген көмірсутектер жандыру қамбасына емес, тікелей өңдеу нысандарына қайта жіберіледі. Ұңғыманы сынақтан өткізу барысында 27.7 мың тонна мұнай және 18,6 миллион текше метр газ жандырылуы мүмкін. Біріншіден, ұңғыма сынағын газ жағусыз өткізу әдісі қосымша пайда әкеледі, ал екіншіден, компанияның парниктік газдар шығарындыларын азайтады.

Жандырылмаған парниктік газ шығарындылары 111.5 мың тонна CO2-экв. тең болды.

Жаңа бөлгіш бағаналарды суыту жүйесі

ҚӨК-дегі Атырауға экспортталатын мұнай Каспий құбыры конкорциумы (КҚК) құбырлар жүйесіне жіберілместен бұрын, ысыту және айыру арқылы тұрақтандырылады және тазартылады. Жаңа бөлгіш бағаналарды суыту жүйесі аталмыш процестер арқылы газ жағуын болдырмайтын булардың конденсациялануын және қайта пайдалануын күшейтеді.

Жандырылмаған парниктік газ шығарындылары: 25.9 мың тонна CO2-экв.

Бу генераторлары жұмысын оңтайландыру

Кеніштегі жалпы өндіріс көлемін ұлғайту және парниктік газдарды азайтуға себеп болатын маңызды жылуды қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қарама-қарсы ағымдық жылыту жүйесі енгізілді.

Жандырылмаған парниктік газ шығарындылары: 34 мың тонна CO2-экв.



СУ

Су – пайдалы табиғи байлық көзі. КПО Қазақстан Республикасының суды қорғау және оны тиімді пайдалану бағытындағы жұмыстарын қолдайды. Біз жер үсті және жер асты суларының сапасын тексеру мақсатында бақылау жұмыстарын жүргіземіз, судың қолданылуы мен ықтимал ластаушы заттар бойынша есептеме жүргіземіз және су сапасының қолданыстағы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етеміз. Сондай-ақ, суды қорғау іс-шараларын жүргізу және мүмкіндігінше қайта пайдалану арқылы тұщы суды пайдалану тиімділігін арттыруға ұмтылуымыз.

2009 жылы су ресурстарын басқаруды жақсарту мақсатында КПО-ның өндірістік нысандарында мынадай шаралар жүргізілді:

- ◆ Су нысандары мен техникалық қондырғылардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ◆ Су шығынын болдырмас үшін су жүйелері, қақпақшалар мен бекітпелердің алдын ала жөнделу жұмыстарынан қарастыру;
- ◆ Пайдаланылған су көлемін уақытында тіркеп отыру және есептеме беру; және,
- ◆ КПО-ның өндірістік нысандарында пайда болған сарқынды суларды жинау және тазарту.

Сонымен қатар, тұрмыстық және мұнайлы қалдық суларды тазарту нысандарының тиімділігін арттыру бағытындағы іс-шараларды зерттеу нәтижелері тексерілді және әрбір өндірістік нысан үшін ең оңтайлы техникалық шешімдер анықталды. Жұмыс жобасы дайындалды және нысандарды жаңғырту жұмыстары басталды.

Жер асты суларын бақылау

2008-2010 жж арналған Жер асты суларын бақылау бағдарламасының шеңберінде Атырау терминалының тазартылған қалдық суларын

жинақтау тоғандары айналасындағы 5 жаңа бақылау ұңғымасы 2009 жылы бұрғыланды. Жалпы алғанда, Қарашығанақ кеніші мен Атырау терминалына арналған бақылау желісі тоқсан сайын тексеріліп отыратын 56 суды бақылау ұңғымаларынан тұрады.

Бақылау нәтижелеріне сүйенетін болсақ қалдықтар мен қалдық суларға арналған жер үсті жинақтау тоғандарын пайдаланудан Қарашығанақ кен орны территориясындағы жер асты суларының сапалық деңгейінде есеп беру кезінде (2009 жылы) ешқандай төмендеу байқалмағанын ескеру керек.

Техникалық су

2009 жылы суды тиімді басқару бастамаларын енгізу нәтижесінде КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне пайдаланатын су көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 17%-ға азайды. 2008 жылы суды пайдалану көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 7%-ға аз болды.

Ауызсу

Ауызсу, адам ішуге жарамды сапалы су, КПО кеңселерінде және тұрғын-жай орындарында қолданылады. 2009 жылы 4-ші технологиялық желі бойынша құрылыс жұмыстарына қажет жұмыс күшінің көбеюі ауызсуды пайдалану көлемін 12, 000 куб метрден 192,000 метрге дейін арттырды.

Біз мүмкіндігінше суды сақтау және қайта пайдалануды мақсат етіп отырмыз. 2009 жылы қайта пайдаланылған су көлемі 42,000 куб метр (2008 жылы 44,000 куб метр) болды. Қайта пайдалануға берілетін су бұрғылау жұмыстарына, ағаштарды суаруға және шаңды басу үшін қолданылады.

Қалдықтарды кәдеге жарату

2009 жылы КПО-ның өндірістік нысандарында пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 9%-дан 69,269 тоннаға дейін артты. Ондағы 14,504 тонна қалдықтар қайта өңделді немесе қайта пайдалануға жіберілді. Қалдықтардың көбеюі Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) 4-ші технологиялық желі құрылысына байланысты болды.

Эко-орталық іске қосылуы КПО-ға қалдықтардың пайда болуын азайтуға және қалдықтарды қайта өңдеу әдістерін жақсартуға мүмкіндік береді. КПО-дағы Эко-орталық құрамына мынадай нысандар кіреді: мұнай негізіндегі бұрғылау шламды тиімді, әрі қауіпсіз өңдеуге мүмкіндік беретін шламды термомеханикалық қалдықтар тазарту зауыты; бұрғылау ерітіндісін араластыруға және қайта өңдеуге арналған бұрғылау ерітінділері зауыты; мұнай өнімдерімен ластанған суларды тазарту, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу кезінде

пайдаланылған тұзды суларды қайта пайдалану және ұңғыманың жоғарғы бөлігін бұрғылау операцияларына қолданылған су негізді бұрғылау ерітінділерін қайта өңдеуге мүмкіндік беретін бұрғылау ерітінділерін өңдеу зауыты және бұрғылау шламдарынан басқа мұнай өнімдері және қатты қалдықтармен бүлінген топырақ пен материалдарды өңдеуге арналған айналмалы пеш.

Эко-Орталық КПО-ға 65% мұнай негізді бұрғылау ерітінділерінен тұратын қымбат негізгі мұнайды өндіруге және қайта қолдануға, бұрғылау шламдары құрамынан мұнай негізін және суды бөлуге мүмкіндік береді, осының нәтижесінде орналастыру аймағына тасталатын қалдықтар көлемі азаяды. Өңделген бұрғылау қалдықтарын қауіпсіз орналастыру үшін КПО бүгінгі күні Эко-орталық аймағында қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келетін тұрақты қалдықтарды көму полигонын салып жатыр. 2009 жылы Эко-Орталықта қайта өңделген немесе кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі төмендегі кестеде берілген.

Қалдықтар	Көлемі
Қайта өңделген бұрғылау ерітінділері	7612 куб метр
Қайта пайдаланылған тұзды су	3195 куб метр
Қайта өңделген мұнай негізді бұрғылау шламдары	19903 тонна
Қайта пайдалануға берілген өндірілген негізгі мұнай	1471 куб метр

2009 жылы КПО мен «Павлодар» қатты қағаз фабрикасы қағаз қалдықтарын қабылдау және қайта пайдалану туралы меморандумға қол қойды. Екінші шикізаттарды бөлек жинауға арналған жобаны (қағаз және пластикалық қалдықтар) толықтай іске асыру 2010 жылға жоспарланып отыр.

Мұнайдың төгілуі

2009 жылы сүйреткіні гидравликалық сынақтан өткізу барысында сақтау резервуарының істен шығуы салдарынан топырақтың едәуір дәрежеде ластануының бір ғана жағдайы тіркелді. 50% су / гликоль қоспасының шамамен 1000 литрі төгілді. Ластанған топырақты жою және арнайы сақтау орнына жеткізу жұмыстары аяқталды.

Грифондық аймақты қалпына келтіру

КПО 1980 жыл соңында ұңғыма атқылауы салдарынан Грифон аймағындағы ластанған жерлерді ауылшаруашылық мақсатына қайта пайдалану үшін қалпына келтіру жұмыстарын



2000 жылдан бастап жүргізуде. Қайта қалпына келтірілуі тиіс ластанған топырақ 49,1 га жерді алып жатыр.

2009 жылға дейін 17,5 га жердің топырағын қалпына келтіру жұмыстары аяқталды және осы жыл ішінде 31,6 га жерді қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды. Жұмыс жобасына сәйкес жалпы топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жұмыстары 2011 жылы аяқталады.

Биотүрлілік және экологиялық жүйе

Биологиялық түрліліктерді қорғау жергілікті экологиялық жүйелерді сақтау мен оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудің басты бағыты болып табылады. Қарашығанақ кеніші аумағында Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер мен жануарлардың бірнеше түрлері кездеседі.

КПО түрлерді қорғау шараларын тиімді жүргізу үшін биологиялық түрліліктер туралы қосымша мәліметтерді жинай отырып оларды қорғауға міндеттенеді. Сонымен қатар, биологиялық түрлілік және экожүйе қызметі тәуекелін бағалау және іс-шараларды жоспарлау мәселелері талқыланды және мұндай жұмыстар 2010 жылы өз жалғасын табатын болады.

2009 жылы «Березовка өзені, Кончубай және Калминовка су бөгендерінің гидрохимиялық жағдайлары мен оның балық фаунасына тигізер әсеріне зерттеу» аяқталды. Гидробиологияны қорғауға қатысты біршама ұсыныстар болды және бүгінгі күні өлі де тексеру жұмыстары жүргізілуде. Аймақтағы гидрохимиялық жағдайға қатысты жинақталған материалдар мұнай өндірілетін әсер ету аймағында орналасқан резервуарлар/бөгеттердегі жинақталған биогенді элементтер деңгейін және уыттылық көрсеткіші бойынша мәліметтер базасын жасау мүмкіндігін алға тартады. Сондай-ақ, мұндай мәліметтер базасы мұнай мен газ өндіру жұмыстары нәтижесінен қоршаған ортаға зиянды әсерлерді азайту жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.



Қарашығанаққа көз жүгірту

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСҚАН ЖҮЙЕ

Қазіргі таңда Қарашығанақта жалпы саны 354 ұңғыманың 85 өндіруші және 15 тазартылмаған газды қайта айдау ұңғымалары жұмыс істеуде. Өндіру мен өңдеу үш негізгі нысандарда – Қарашығанақ Өңдеу Кешені, ГКДҚ 2 және ГКДҚ 3 жүзеге асырылады. Басты нысандарды өзара жалғастырып, ұңғымалардан өндірілген мұнайдың нысандар арасында өтімді ағуын қамтамасыз ететін шамамен 2000 км құбыр ішкі кәсіптік құбырлар жүйесін құрайды.

ҚӨК

Қарашығанақ Өңдеу Кешені 32 өндіруші ұңғымадан және ГКДҚ 2-нан келетін мұнайлы конденсатты өңдейді. Мұнай мен газ өнімді жинап – бөлу құрылғысында бөлінеді. Келуші мұнай 3 тұрақтандыру технологиялық желісінде өңделіп, экспорт құбыры арқылы Атырауға жіберіліп, одан әрі халықаралық нарықтарға сатылымға шығарылады.

Газ фазасы екі ағымға бөлінеді. Бірінші ағым кеніштің жағармай газға қажеттілігін өтеу, яғни электр станцияларда қолдану үшін және жергілікті нарықты тазартылған газбен қамтамасыз ету мақсатында тазарту зауытына жіберіледі де, екінші ағым ГКДҚ 2-на газды жер астына қайта айдауға және/немесе ГКДҚ 3-на Орынборға экспортқа шығару үшін жіберіледі.

ГКДҚ 3

ГКДҚ 3 1984 жылдан бері жұмыс істеп келеді және 27 ұңғымадан келетін газ мұнай конденсатты бөліп, жартылай тұрақтандырып, экспорт құбыры арқылы Ресейдегі Орынбор өңдеу зауытындағы өңдеу қондырғысына жібереді.

Сонымен қатар, тұрақтандырылмаған конденсат көрші орналасқан жеке нысанға өңдеуге жіберіледі.

ГКДҚ 2


ГКДҚ 2-да қолданылатын үздік технология оны ерекше көп функционалды нысан ретінде белгілейді. Ол тазартылмаған жоғары қысымды газды бөліп, өңдеп және жерге қайта айдап, мұнай өндіріп, содан соң экспортқа шығарар алдында ҚӨК-не тұрақтандыруға жібереді. ГКДҚ 2-на 19 өндіру ұңғымасы жалғанған.

ГКДҚ 2-да инновациялық жоғары қысымда тазартылмаған газды қайта айдау жүйесі жұмыс істейді. Үш компрессор құрамындағы H₂S бар (9% дейін) газды 550 бар қысымда қайта айдауды жүзеге асырады.

Осы газды қайта айдау схемасы ұтымды екендігі расталды, себебі ол қысымды жартылай ұстап тұруға, сұйықтықты қалпына келтіруді жақсартуға мүмкіншілік туғызды, және қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін күкіртті бөлу қажеттілігін жойды.

ЭКО-ОРТАЛЫҚ

Эко-орталықтың басты өңдеу нысандарына мұнайлы бұрғылау қалдықтарын қауіпсіз де тиімді өңдейтін Термомеханикалық қалдықтар тазарту зауыты, бұрғылау ерітіндісін өңдеп, араластыратын өндіріс нысаны – Бұрғылау ерітінділері зауыты, сутекпен ластанған суды тазартатын, ұңғыманы жөндеу жұмыстарына қолданылатын тұзды суды қайта өңдейтін және жоғарғы қабаттағы бұрғылау операцияларына қажетті сулы ерітіндіні қалпына келтіретін Сұйықтықтарды өңдеу зауыты және мұнайлы топырақты және бұрғылау қалдықтарынан басқа заттарды өңдейтін Қалдықтарды өртеу айналмалы пеші кіреді.





Қызметкерлерді дамыту

Қарашығанақ сияқты ауқымды кенді өндіру және пайдаға асыру мұнайшы инженерінен бастап техниктер, есепшілер мен материалдық және техникалық қамтамасыз ету мамандарынан тұратын мыңдаған білікті әрі өз жұмысына шын берілген мамандарды талап етеді. Біздің қызметкерлеріміз болашақ табысымыздың кілті. Сондықтан біз ұлттық жұмыс күшін дамытуға танымал білім беру институттарымен бірге жұмыс істеп, тиісті оқу бөлмелермен қамтамасыз етіп және кәсіпорын бойынша серіктестеріміздің халықаралық тәжірибесін пайдаланып, зор үлес қосып келеміз.


2009 жылдың аяғында КПО-да істейтін қызметкерлер саны 4375 адам болды. Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру жоспарын сәтті жүзеге асырудың арқасында жергілікті мамандар саны 200 адамға көбейді, ал шетелдік қызметкерлер саны керісінше азайды. Лондондағы жобаларды дамыту директорының құрылымы өзгертіліп, құрушы компанияға жіберілген қызметкерлер саны азайды. КПО-да жұмыс істейтін мамандар әлемнің әр жерінен келген, әрі өздеріне тән мәдени, дәстүрлік ерекшеліктері бар, сондықтан КПО-да жұмыс істеу тек кәсіби тәжірибе алуға емес, сонымен қатар жеке дамуға да мүмкіндік береді.

Марапаттар

- ◆ КПО 2-ші желтоқсанда Астана қаласында өткен және Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен болған әлеуметтік салаға үлес қосқан мекемелерге арналған Ұлттық конкурстың салтанатты кешінде «Ең үздік ұжымдық келісім» категориясы бойынша «Парыз» марапатын алды.
- ◆ КПО-ның 5 қызметкері Қазақстан Республикасының Президентімен табысталған мемлекеттік Құрмет грамоталарымен марапатталды.
- ◆ КПО-ның 29 қызметкері Қазақстан Республикасы мұнай және газ өнеркәсібін дамытуға ат салысқандары үшін және көрсеткен нәтижелері үшін КазЭнерго Қауымдастығынан марапат алды.
- ◆ КПО-ның 2 қызметкері Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен берілген құрмет грамоталарын алды.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

КПО жан-жақты оқыту және дамыту бағдарламасын ұсынады, оның мақсаттары мынадай:



- ◆ өз жұмыстарын тиімді атқару үшін қызметкерлер кәсіби біліктілік (білім, дағдылар) талаптарына сай екендігіне көпілдік беру;
- ◆ кәсіпорын ішінде жауапкершілігі жоғары, маңызды қызмет атқару үшін мамандарды дамыту, маңызды лауазымдарды тиісті дарынды әрі еңбек сүйгіш адамдармен толықтырып, бизнеске қолдау көрсету.

2009 жылы жергілікті мамандарға 250.000 сағаттан астам оқыту және жаттығу курстары өткізілді (орташа есеппен алғанда әрбір қызметкерге 67,2 сағат). Қаражат жағынан санағанда 2009 жылы оқыту және дамыту шараларына байланысты әрбір қызметкерге 5,569 АҚШ доллары жұмсалды.

Дәстүрлі дамыту әдістерін қолдану, құрушы компанияларда жұмыс істеуге жіберу және жаңа дағдылар мен мамандықтарды үйрену үшін компаниядан тыс жерде оқып келуге мүмкіндіктер жасау сияқты әдістерді қолданып, біз әрбір қызметкерімізге жеке оқыту және дамыту әдісін ұсынамыз. Мұндай әдістер бизнестегі дамыту қажеттілігін үздіксіз жаңартылып тұратын бағалауды талап етеді, сонымен қатар қызметкерлердің компанияның әр саласындағы ерекше қажеттіліктеріне дамыту жоспарын жасауға мүмкіндік береді, әрі нәтижелерді жақсартады. Бұл оқыту және дамыту жоспарының жүзеге асырылуын және берілген қаржының дұрыс



пайдалануын қатаң бақылауға, сонымен қатар қызметкерлердің біліктілік пен тиімділіктерін жақсарғанын әділ бақылауға мүмкіндік береді.

Қызметкерлерді өз жұмыстарына қатысты кәсіби дағдыларға үйрететін қысқа және ұзақ мерзімді оқыту курстарымен қамтамасыз ету компанияда кең таралған әдіс. КПО-да тағы бір қолданылатын әдіс қызметкерлерге халықаралық танымал бағдарламалары бойынша білім алуға мүмкіндік беру. КПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық тәжірибе мен технологияларды қолданумен байланысты. Сондықтан қызметкерлер тек жаңа технологиялармен жұмыс жасау үшін немесе жаңа жабдықтарды пайдалануға қажетті дағдыларды үйреніп қана қоймай, сонымен қатар өнеркәсіпте қажет болатын халықаралық деңгейде жетік білім алу керек. Өндіріске байланысты қажеттіліктерден басқа, бағдарламалар адамның жеке дамуына, ынталандыруға пайдалы, әрі қызметкердің КПО-да жұмыс істеуге қызығушылығын арттырады.

КПО қызметкерлері, сонымен қатар, жұмыс орындарында оқыту шараларына қатысады. Қызметтерін алмастыру/әр түрлі мамандықтарды үйрену әдісі қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға көмектесу үшін қолданылады. Бұл қызметтермен алмастыру шаралары белгілі уақытқа жоспарланып, арнайы дағдылар мен біліктілікті дамыту үшін арналған.

Құрушы компанияларға жұмыс істеуге жіберу әдісі құрушы компанияның саясаты, ұйымдастыру мәдениеті туралы, сонымен қатар ынталандыратын ортада нақты жобалармен айналысып, халықаралық тәжірибе алуға көмек беретін ұзақ мерзімді тәжірибе немесе қызметкерлерді мамандандыруда қолданатын практикалық амалдар мен методологиялары туралы білім алуға арналған қысқа мерзімді практикалық курс.

Сонымен қатар тәлімгерлік әдісі де КПО-дағы кәсіби дамудың ажырамас бір бөлігі. Мұндай дамуда негізгі

жауапкершілік қызметкердің өзіне тиесілі, бірақ оған қоса ақылды тәлімгердің белсенді қолдауы мансап жолының кейбір сатыларында, мысалы, бастапқы кезде немесе әр түрлі қызметтерді үйрену кезінде өте пайдалы болып келеді. Тәлімгермен жұмыс істеу сол тәлімгердің басқару жөніндегі түсінігін үйренуге көмектесетін және тәжірибемен бөлісу арқылы басқару қабілеттілігін дамытатын өте тиімді әдіс. Бұл мәдени құндылықтармен алмасуға, шетелдік басшылардың тәжірибесін отандық тәжірибелері аз қызметкерлермен бөлісуге және қызметкерлер арасында әр түрлі ұлт және бизнес мәдениетінің өкілдерімен қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Түлектерді дамыту бағдарламасы

КПО бірнеше жыл бойы Қазақстандық жоғарғы оқу орындарының түлектерін компанияға жұмысқа тұруға, өз-өздерін дамытуға және болашақ дамуға үлес қосуға әр түрлі жолын іздестіріп дамытуда.

Бұл бағдарламалар КПО техникалық бөлімдерінің жаңа қызметкерлерді алу қажеттілігін сан және сапа жағынан қанағаттандыру үшін мамандарды дайындауға және дамытуға арналған. Жұмыс орнында оқыту тәжірибесі, арнайы дайындалған теориялық және практикалық оқыту шаралары арқылы жас түлектер мұнай мен газ өнеркәсібі саласында жұмыс істеуге қажетті біліктілікпен қамтамасыз етіліп, компанияны жаңа табыстарға жетелеп, сонымен қатар тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алатын дарынды қазақстандық жұмыс күшін құрай алады.

Түлектерді дамытудағы негізгі бағдарламаларды дайындау үшін КПО Эни Корпоративтік Университеті және ОРІТО Мұнай мен газ академиясы сияқты оқу орындарымен бірлесіп әрекет етеді. КПО-да 2008 жылы бастау алған өндіру операторлары мен жөндеу және техникалық қызмет көрсету техниктерін кәсіби дамыту бағдарламасы БК Мұнай мен газ академиясының заманауи оқыту бағдарламасына (ОРІТО) негізделген болатын. КПО ТМД бойынша бірінші болып дүние жүзіндегі танымал әрі сенімді ОРІТО оқыту бағдарламасын жүргізді. Барлық курс жаттығушылары техникалық пәндерді оқуға икемділіктерін анықтайтын арнайы тест жүргізу арқылы іріктеледі. Оқыту бағдарламасын сәтті бітіріп шыққан және жақсы нәтижелерді көрсеткен жаттығушыларға КПО-ға жұмысқа кіруге мүмкіндік берсе, ал КПО-ға білікті операторлар мен техниктерді жұмысқа алуға мүмкіндік береді. Әр жыл сайын біз осы қызметкерлер арасынан ұңғыма операцияларына мамандандыру үшін кішігірім топ таңдап аламыз.



2009 жылы 95 Қазақстандық жаттығушы ОРІТО мұнай мен газ академиясының Халықаралық жоғары дәрежелі сертификаттарын алды, соның ішінде 87-сі қазіргі таңда тікелей келісімшартпен КПО компаниясында жұмыс істейді. 2009 жылдың шілде айында 113 жаттығушы ОРІТО бағдарламасы бойынша жаңа оқыту айналымын бастап кетті.

2009 жылғы наурыздағы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауында жұмысқа орналаспаған жас түлектерді қолдауға және кәсіби дамытуға көңіл болуға шақырды. КПО өз ниетімен Бөрлі ауданында тұратын 35 жас түлектерді 6 айға созылған жұмыс орнында оқыту жаттығуларымен қамтамасыз етті, қазір соның 11 компанияда жұмыс істейді.

Сонымен қатар КПО мұнай мен газ өнеркәсібі саласындағы жұмыс ерекшелігін түсіндіру мақсатында жоғарғы курс студенттерін өндірістік оқытумен қамтамасыз ету үшін бірнеше қазақстандық жоғары оқу орындарымен бірігіп жұмыс істейді. Бұл бағдарлама бойынша шет елде оқитын қазақстандық студенттер де жазғы демалыс кезінде өндірістік оқу практикасынан өте алады. 2009 жылы бізде 484 студент өндірістік практика өтті, бұл 2008 жылға қарағанда 6 %-ға көп.

КПО-ның кәсіби техникалық оқыту бағдарламасы

2007 жылы бастау алғанда мұндай оқыту бағдарламасы еш жерде болмаған. Бағдарлама мұнай мен газ өнеркәсібі саласындағы техникалық жұмыстарға қызығушылықтары бар жергілікті жастарға өздерінің кәсіби және мансаптық даму жолында алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік берді.

КПО оқыту жоспарына техникалық білімдерді енгізу мақсатымен Бөрлі ауданының кәсіби және

техникалық колледжімен және Ақсай қаласындағы №15 лицейімен серіктестік қарым-қатынас құрып, осы оқу орындарының соңғы курс студенттеріне компанияда өндірістік практиканы өтуге мүмкіндік береді. Жыл сайын осы бағдарлама бойынша 28 студент білім алады. Сонымен қатар біз мұғалімдердің кәсіби білімін дамытуға мүмкіндіктер жасап отырмыз.

КПО-ның стипендия тағайындау бағдарламасы

2003 жылдан бастап КПО мұнай мен газ өнеркәсібіне байланысты оқуды таңдаған қазақстандық университеттерінің дарынды студенттерін қолдап келеді. Стипендия туралы мәлімет университеттерде таратылады, ал арнайы құрылған КПО-ның ішкі комитеті өтініштерді қарастырады. 2009 жылы 15 студент КПО-ның стипендиясын алды, әрқайсысына 3000 АҚШ доллары берілді. Бүгінгі таңда 114 студент КПО стипендиясының иегері болды.

Стипендиялар сонымен қатар жеке білімін дамыту үшін КПО-ның қызметкерлеріне және олардың балаларына да беріледі. 2009 жылы 27 қызметкер және қызметкерлердің 44 балалары КПО-ның стипендиясына ие болды, және жалпы сомасы 140,000 АҚШ долларын құрады. 2002 жылдан бастап, яғни бағдарлама басталғаннан бері 79 қызметкер және 179 балалар осындай стипендияға ие болған, ал жалпы сомасы 780,000 АҚШ долларына жетті.

Біліктілікті басқару жүйесін дамыту

КПО өндіріс шараларының күрделілігі компания қызметкерлерінің біліктілік деңгейі белгіленген стандарттарға сәйкес келетініне кепілдік беру үшін сенімді біліктілікті басқаруды қажет етеді. Сонымен қатар, сенімді біліктілікті басқару қызметкерлерді қазір және болашақта оқыту және дамыту қажеттіліктеріне анық түсінік береді.

Қазіргі кезде техникалық емес қызметтерге арналған біліктілікті басқару жүйесін толықтыру аяқталып келеді, және 2010 жылы толық жұмыс істеу үшін біртіндеп жүзеге асырылады. Осыған ұқсас келетін техникалық және қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды қызметтерге арналған біліктілікті басқару жүйесі бірнеше жыл турасында енгізіледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДА СҰРАСТЫРУ ЖҮРГІЗУ

2009 жылы біз компанияның және жергілікті жұмысқа орналастыру мекемелерінің барлық қызметкерлері арасында әрбір қызметкерді ынталандыратын факторларды түсіну үшін және КПО-ның жақсы жұмыс беруші ретінде беделін көтеру үшін келесі қадамдарды анықтап алу мақсатымен сұрастыру жүргіздік.

Негізгі нәтижелер

- ◆ КПО-ның көпұлтты ортадағы абыройы мен қалыптасқан салты, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесі мен тұрғындар алдындағы әлеуметтік жауапкершілік, және кәсіби дамуға жасалған мүмкіндіктер қызметкерлермен аса жоғары бағаланды;
- ◆ Қызметкерлер арасында тең жағдай жасау үшін компания зор үлес қосып жатқаны туралы айтылды. Әрбір қызметкерге сыйластық көрсету және КПО-ның мәдени әр түрлілігі жоғары бағаланды;
- ◆ КПО компания туралы ақпарат беруде әр түрлі байланыс көздерін қолданады. Соңғы үш жылдың ішінде КПО газетінің және интранеттің бағалы ақпарат алу көзі ретінде маңыздылығы күн сайын артып келеді.

Қызметкерлердің кәсіподақтық ұйымы

КПО-да әрбір қызметкердің жұмыс жағдайын ортаға салып талқылауға құқығы бар. Жергілікті қызметкерлер үштен бір бөлігінен астамы компания кәсіподағының мүшесі, сондықтан олар толығымен жұмыс шарттары және әлеуметтік қамтамасыз етумен қоса, келісілген ұжымдық келісімнің шарттары бойынша заңды тұрғыдан қорғалған.

2009 жылдың маусым айында КПО және Қарашығанақтың тәуелсіз кәсіподағы, КПО қызметкерлерінің Қарашығанақ кәсіподағы және ГПТиС қызметкерлер кәсіподағының аймақтық бөлімі арасындағы ұжымдық келісімдер жаңартылды.

Жаңа ұжымдық келісімдер қызметкерлердің туыстарын медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету сияқты позитивті даму қарқындарын бейнелейді, сонымен бірге КПО-ның қызметкерлер ұжымымен қарым-қатынасы туралы және ұжымдық келісімдер жасау туралы міндеттемелерді қайтадан растайды. КПО компаниясының ұжымдық келісімі әлеуметтік жауапкершілігі үшін Парыз марапатымен бағаланды.

Мәдениаралық біліктілікті дамыту бағдарламасы

Бұл бағдарлама 2007 жылы Астана қаласында өткен «Мәдени әр түрлілік және мәдениаралық қарым-қатынас» атты конференциясына КПО-ның демеушілік көмек көрсетуінен басталған бастаманың жалғасы болып табылады. Бағдарламаның мақсаты әр түрлі ұлт өкілдерінің қатысуынан тек артықшылық алу, ал мәдени әр түрлілікті құндылыққа айналдыру.

III Кезеңнен тұратын мәдениаралық біліктілікті дамыту бағдарламасы КПО-ның қызметкерлері

мен басшыларына көпұлтты ортада қызметін атқарып, өмір сүру қабілеттілігін дамытуға көмектеседі.

Бағдарламаны жүзеге асырудың I Кезеңінде КПО басшыларын мәдениаралық біліктілік саласында оқытуға көп көңіл бөлінген, және бұл кезеңге қатысты шаралар аяқталды. Компанияның шамамен 120 менеджері оқытудың бірінші айналымына қатысты. Бұл айналымның мақсаты мәдениаралық қарым-қатынасты жетілдіріп, этноцентризмді жеңіп шығуға керекті білім мен дағдыларды дамыту болды. Ал оқытудың екінші айналымында көпұлтты қызметкерлерді басқару дағдыларын дамытуға және компаниялар мен ұйымдарда ұлт және мәдени әр түрлілікті пайдаланудың стратегиялық әдістеріне көңіл бөлінген; осы айналымды шамамен 50 менеджер өтіп шықты. Екінші айналымның қосымша бағдарламалары 2010 жылы ұсынылады.

II Кезең бойынша компанияның 800-ге жуық қызметкері «КПО ішінде мәдениаралық қарым-қатынасты жақсарту» бағдарламасын оқып шықты. Бағдарламаны 2010 және 2011 ж.ж. жалғастыру жоспарланып отыр.

III Кезеңде КПО-да алынған тәжірибені үкімет мекемелерімен, соның ішінде Қазмұнайгаз ҰК бөлісу көзделіп отыр, яғни КПО мен серіктестер арасында тұрақты «виртуал» қарым-қатынас шеңберін құрып, Қазақстан Республикасының көпұлтты қоғамды құруға қосып жатқан үлестеріне көмектесу.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін бағалау өзінің жақсы жақтарын менеджерлерге де, қызметкерлерге де көрсетті. Менеджерлердің мәдениаралық/ұлттаралық біліктіліктегі (бұрын/кейін) өзгерістерді салыстырмалы сараптау және олардың мәдени айырмашылық туралы түсініктеріндегі өзгерістерді сапалы талдау КПО-ға бағдарламаның әрі қарай жүзеге асыруда тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Мәдениаралық біліктілікті дамыту бағдарламасын болашақта дамыту және енгізу мақсатымен КПО осы саладағы жетекші халықаралық сарапшыны жұмысқа шақырып, қазақстандық кәсіби оқытуды ұйымдастыратын арнайы компанияға маманның өз білімін жеткізуге үлес қосты, сонымен бірге КПО және басқа қазақстандық компанияларға мәдениаралық біліктілік бағдарламасы бойынша оқыту шараларын жүргізуге мүмкіндік туғызды.





Экономикалық дамуға қосқан үлесіміз

Қарашығанақ кенішінің құндылығын арттыру Қазақстан үшін мұнай және газ өндірісінде ұдайы салық салу мен мол табысқа көнелуден гөрі ерекше мағынаға ие. Экономиканы дамыту үшін тұрақты қарым-қатынас орнату алдыңғы ретте қарастырылады.

2008 жылы екі тәуелсіз институт (Ұлыбритания-дағы Оксфорд Экономикс және Қазақстан Экономикалық стратегиялар институты) өткізген зерттеу нәтижесінде КПО қызметі барысында, яғни 1997 жылдан бері Қазақстан экономикасына қосқан үлесі жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 4 % құрайтын 4.2 миллиард АҚШ долларына тең болды және 137 000 жұмыс орындары қамтамасыз етілді.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАТЫСЫМ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ

КПО Қазақстан Республикасының жергілікті қатысымды дамыту турасында атқарған еңбегінің маңыздылығын мақұлдайды және реттеу негізін жүйелеуге қолданылатын стратегиялық жолдарды қолдайды.

КПО Шетел инвесторлар кеңесінің жергілікті қатысым тобына кіріп, тауарлар мен қызмет көрсетулерде жергілікті компаниялар қатысымын есептейтін жаңа «Бірегей методология» тұжырымдамасын талқыға салуда белсенділік танытып, жергілікті қатысымды дамыту ережесінің алғашқы нұсқасын дайындауға ат салысты.

Бірқатар заңнамалар түзетіліп, жер асты байлықты пайдаланушыларға қажет тауарлар, еңбек пен қызмет көрсетулердегі жергілікті компаниялар қатысымын ұлғайтуға әкелетін жол ретінде жергілікті қатысымды есептейтін «Бірегей методология» бекітілді. Оған қоса, бұл заңнамалар жер асты байлықты пайдаланушыларға жергілікті қатысым туралы есеп беру жөнінде талап қойды. Сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін, КПО атынан қызмет көрсетіп, тауарлар жабдықтайтын мердігерлерге КПО-да қолданылуы тиіс есеп беру әдісі туралы хабарлау қажет.


ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Орнықты даму және тәжірибе алмасу арқылы жергілікті жабдықтаушылардың қатысымын ұлғайтуға мүмкіншіліктерін туғызу – КПО қызметінің маңызды бөлігін құрайды. КПО халықаралық стандарттар мен мұнай және газ өндірісі талаптарына сәйкес келу үшін жергілікті компаниялардың мүмкіншіліктерін және біліктілігін арттыру жұмысын жалғастыруда.

2001 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан Қарашығанақ жабдықтаушыларды дамыту бастамасы нәтижесінде 3000-нан астам қазақстандық жабдықтаушылар тіркелінді. 1997 жылдан бері тауарлар, еңбек және қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуші қазақстандық компаниялармен барлығы 3.5 миллиард АҚШ долларын құрайтын келісім-шарттар жасалынды.

2009 жылы КПО жалпы бір жылдық келісім-шарт құнының 49%-ын құрайтын жергілікті компаниялармен 683 миллион АҚШ долларына тұрарлық келісім-шарт жасасты (өкілетті мекемелермен 2008-2009 Жергілікті компаниялар қатысымы жоспарында келіскен көрсеткіш 43%). 2008 жылмен салыстырғанда шетелдік компаниялармен келісім-шарттар құндылығы жергілікті компаниялардан анағұрлым көбейді, себебі 2009 жылы жергілікті нарықта жоқ мұнай кенішіне арналған жабдықты қамтамасыз ету үшін шетелдік компаниялармен екі үлкен ұзақ мерзімді келісім-шарт жасалынды.

КПО жергілікті бизнес өкілдерінің жауапты қызметкерлерінің қоршаған ортаны қорғау, сапа, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қаржы, жобаны басқару, техникалық стандарттар саласындағы



халықаралық біліктілігін дамыту арқылы жабдықтаушы дамуын белсенді алға жетелейді. КПО жергілікті компаниялар дамуының игілігін көреді, себебі бұл, өз кезегінде, барлық жергілікті жабдықтаушыларға пайда әкелетін орнықты бизнес ортасының қалыптасуына алып келеді.

2009 жылдың сәуірінде Батыс Қазақстан облысының (БҚО) орталығы болып келетін Орал қаласында КПО «Өркендеу жолындағы серіктестер» атты жергілікті компаниялар қатысымы жөнінде форум өткізілді. Бұл форумға БҚО-нан жүзден астам жабдықтаушылар мен мердігер компаниялар қатысты. Форум барысында жергілікті бизнес өкілдері КПО-ның жергілікті бизнестің ілгері дамуы үшін жүзеге асырғалы тұрған бірқатар бастамалары жөнінде хабардар болды. Сонымен қатар, қатысушыларға КПО-ның ағымдағы өндірісі мен жобаны дамыту жоспарлары туралы ақпарат берілді.

Форум кезінде БҚО әкімдігі, ҚазМұнайГаз, «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы, Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В., және БҚО кәсіпкерлерінің бірлестігі өкілдерінен тұратын ресми жұмыс тобын құру туралы Түсіністік меморандумына қол қойылды. Бұл топ жергілікті компаниялар жұмысын толығымен түсіну және жергілікті жабдықтаушылар мен мердігерлерге мүмкіндіктер туғызу және дамыту жолдарын қарастыру үшін бірге жұмыс атқарады.

КПО форумда жарияланған өз міндетін орындады және Оралды жергілікті компаниялар қатысымын реттейтін кеңсе ашты. Бұл кеңсе кәсіби көмек және нұсқау беру үшін ашылған, яғни КПО-мен тікелей келісім-шартқа отырған немесе жаңа компанияларға КПО-ның техникалық және

коммерциялық қызметкерлерімен жеке кездесуде мәселелерді талқылауға көмектеседі. КПО жергілікті компаниялар қатысымын ұлғайтуда маңызды істер атқарып жатқанда, жабдықтаушылар КПО-мен және оның мердігерлерімен арнайы стандарттарға сай, уақтылы, қауіпсіз, жоғары сапалы, бәсекелестікке төзетін қызмет көрсету турасында жұмыс жасау қажет.

2009 жылы БҚО-да орналасқан 10 жергілікті компанияларда ISO 14000 және OHSAS 18000 стандарттарын интеграцияланған түрде енгізу қаржыландырылды.

КПО, сондай-ақ, қазақстандық жабдықтаушыларға ай сайын семинарлар ұйымдастырды. Жабдықтаушыларға жергілікті бизнес қауымдастығымен қарым-қатынасты нығайту және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ турасында КПО стандарттары мен шарттарына сәйкес келу секілді қиындықтардан өтіп, қажетті тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуге көмектесу көзделді.

НКОК, ТШО және КПО компанияларының жабдықтау циклінде ҚР жергілікті компаниялар қатысымын ұлғайту ниетімен Қазақстандағы ең ірі үш мұнай және газ операторлары халықаралық өндірушілер мен өндіріс және бұрғылау жабдықтарын қамтамасыз етуші жергілікті жабдықтаушылардың қатысуымен бірлескен форум ұйымдастырды. Бұл форум 2009 жылдың 15 мамыр күні Астана қаласында өткізілді. Форумда НКОК, ТШО және КПО жобаларына қажетті химия тауарларына ағымдағы және келешек сұранысты анықтау мен халықаралық және жергілікті компаниялар серіктестігін үдеттіру арқылы Қазақстан химия нарығын дамытуға жағдай жасау мәселелері қарастырылды. Форумға 33 жергілікті және 15 шетел компаниялары атынан келген 75 делегат және билік органдары мен басқа да мемлекеттік ресми мекемелер өкілдері қатысты.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру – КПО-ның экономикалық саланы көркейту, жергілікті жұмыскерлерге бос жұмыс орын мүмкіндіктерін ұлғайту және Қазақстан жұмыс күшін дамытудағы міндеттемелерін орындауда маңызды қалаушы тетік болып келеді. Біз Қазақстан Республикасымен қойылған мақсаттарға жеттік, және Қарашығанақтың келешек бағытын шешетін басқарушы қызметтерге қазақстандық мамандарды әкелетін келесі 10 жылдыққа арналған жаңа асулар қойдық.

2009 жылы КПО-да қосымша 24 жоғары дәрежелі қызмет орындары қазақстандық жұмыс-

керлермен алмастырылды. 2009 жыл соңында жергілікті қызметкерлер әкімшілік көмек қызметінің түгелдейін дерлік және техникалық басқару қызметінің 87%-ын орнын басты. Жоғары басшылық қызметте жергілікті қызметкерлердің 49%-ы орналасты.

Келесі Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру жоспарында белгіленген мақсаттар:

Сипаттама	2009	2018 жоспар
Басқарма	49%	70%
Кәсіби жұмыскерлер және супервайзерлер	87%	95%
Техникалық жұмыскерлер	100%	100%
Әкімшілік көмек көрсету жұмыскерлері	100%	100%

КПО-ның шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру стратегиясы компания басшылығының басты стратегиясымен тығыз байланысты. Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру үрдісінде қойылған мақсатқа жетумен қоса, басқару саласында ұйымдастырушылық қабілеттілігін жақсартуға бағытталған стратегия тек қана білімді жоғарылату не техникалық дағдыларды дамытумен шектеліп қана қоймай, әр жеке маманның тәжірибесі мен жалпы басқару қабілеттілігін де ескереді. Қазақстандық мамандарды дамыту маңыздылығын ескере


отыра, КПО ең дарынды қазақстандық қызметкерлерді кәсіпорын жұмысындағы жауапты басқару қызметтеріне көшіру тәсілін қалыптастырды.

Еңбек ресурстары бөлімінің шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру үрдісіндегі стратегиялық ыңғайы жай ғана жұмыс орнын алмастыруға емес, қазақстандық мамандарды оқыту мен дамытуды тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға негізделген. Бұл, өз кезегінде, КПО өндірісінің жоғары деңгейде және халықаралық стандарттарға сай жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, КПО жоғары басшылығымен талап етілген мақсаттарды жоғары мүмкін сапалы деңгейде орындауға мүмкіндік береді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ҮРДІСІН ҚОЛДАУ

Жоғары білікті жұмыскерлер қорын дамыту – тек қана КПО талабы емес, бұл сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық мақсаттарына жетуі үшін қарастырылатын маңызды мәселе.

Қарашығанақ серіктестері, Қазақстан Республикасы және Батыс Қазақстан облысы 2008 жылы Батыс Қазақстан облысындағы техникалық білім беретін институттар деңгейін жақсарту мақсатында қаржылай көмек көрсетуге өзара келісімге келді. Бірінше ретте, КПО өндірісіне жақын білім ордасы ретінде Ақсай қаласындағы Техникалық лицей (№ 15 лицей) қарастырылды. Бөрлі ауданы әкімі және лицей директорымен бірге КПО мұнай және газ саласында оқитын студенттерге арналған оқу әдісі



мен жабдықтарды жақсарту керектігін айқындады. 2009 жылы КПО жалпы құны 1.5 миллион АҚШ долларын құрайтын оқыту жабдығын қамтамасыз ету жөнінде келісім-шарттарға отыра бастады. Оған қоса, лицей оқытушыларына методология мен кәсіби әдістері туралы семинарлар өткізілді. КПО, сондай-ақ, мұнай және газ саласынан өзге жоғары оқу орындарын, яғни аудандық университеттер мен институттарға да қолдау көрсетеді. 2002 жылдан бері қаржылық көмекті аудандағы сегіз институт пен университет және Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті алып отыр. Орташа есеппен алғанда, аталмыш оқу орындарына жыл сайын 60 000 АҚШ доллары бөлініп отырады. 2009 жылы № 15 Бөрлі мемлекеттік кәсіби лицейге, Ақсай қаласындағы Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжіне және Алматыдағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетіне 35 000 АҚШ доллары, ал 2008 жылы басқа да институттарға 80 000 АҚШ доллары бөлінді.

АУДАН ДАМУЫНА ЖЕТКІЛІКТІ ҚУАТ КӨЗІН ӨНДІРУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ

2009 жылдың 19 Қарашасында Қазақстан Республикасының премьер-министрі КПО жүзеге асырған Қарашығанақ-Орал газ құбырының бірінші бөлігінің іске қосылуын салтанатты түрде ашты. Ашылу салтанаты БҚО әкімі және КПО басшылығы қатысуымен Федеровка ауылында өтті.

Толықтай аяқталған кезде, бұл жоба жергілікті газ үлестіру компанияларына құбыр жүйесіне қосылып, газды Қарашығанақ –Орал жолы бойында Орал өзенінің сол жағалауында орын тепкен елді мекендерге және Орал қаласына бағыттауға мүмкіндік береді. Құбыр меншігі Қазақстан Республикасының құзырына беріледі және құбыр жұмысы ұлттық компаниямен басқарылады.

Қоршаған ортаға зиянды әсері жоқ отынды осы аймаққа жеткізу – елді мекендерді қуат көзімен қамтамасыз етумен қатар, өндірістік өсуді және экономикалық әлеуетті дамытуды көтермелейді. Құбыр құрылысы мәселесі Қарашығанақ серіктестері, Қазақстан Республикасы және Батыс Қазақстан облысы арасында шешіліп, кейіннен ҚР Президенті, Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен жиында Мақсат меморандумына қол қойылды.

Оралдан Новопавловкаға баратын және Оренбург-Новопсков газ құбырына жалғануына байланысты Федеровка ауданын газбен қамтамасыз ететін құбырдың бірінші бөлігі 2009 жылдың қараша айында аяқталды. Құбыр құрылысы жөнінде КПО қазақстандық КазСтройСервис (KSS) құрылыс компаниясымен келісім-шартқа отырды. KSS компаниясы және КПО жоба тобы ЕҚ, ҚТ және



ҚОҚ саласында 2,500,000 адам сағатын жұмыс уақытын жоғалтатын апатсыз орындап шықты. Төмен қысымды желілер құрылысы және оның ауылдарға жалғануы жергілікті газ үлестіру компанияларымен іске асырылды.

Бас құбыр және Ақсайға, Бөрліге және Тұңғышқа жалғанатын тармақтар құрылысы жұмыстары жалғасуда. 2009 жылдың қазан айында КСС (KSS) пен КПО компаниялары қосымша желі – Жымпиты ауданына газ бағыттайтын 116 км 10-дюймдік газ құбыры құрылысын бастады. Бұл желі негізгі жоба көлеміне енгізілді. Негізгі және қосымша жоба жұмыстары 2010 жылы аяқталады деп күтілуде. Жобаға жұмсалынатын қаржы шамамен 300 миллион АҚШ долларына саяды.

ӨБТК-де айқындалған әлеуметтік жобалар аясында және Батыс Қазақстан облысы әкімдігі басты даму бағыттары бойынша, КПО 2009 жылы екі жергілікті газ үлестіру желісінің құрылысын аяқтады. Басты Қарашығанақ-Орал газ құбырын 11 елді мекенге газ бағыттайтын Новопаловка желісіне қосты. Осы газ құбырларын жүргізуге 6.6 миллион АҚШ доллары жұмсалды.

Соңында, Қарашығанақта өндірілетін газдың және КПО электр қуатының біршама көлемі жергілікті нарыққа жіберіледі, яғни ауданды қауіпсіз қуат көзімен қамтамасыз етеді.

Тазартылған газ жергілікті тұтынысқа, яғни Ақсай қаласын және жақын орналасқан ауылдарды қамтамасыз ету үшін газ үлестіру компаниясына жіберіледі. Газ, сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысына үлестіруге және электр қуатын өндіруге де жіберіледі. Электр қуатын өндіруге жіберілетін газ мөлшері ӨБТК-де белгіленген болса да, КПО, өз қалауы бойынша, жергілікті сұранысты қанағаттандыру үшін газ жеткізілімін ұлғайтуға келісті. Қамтамасыз етілген тазартылған газдың барлық мөлшері 2009 жылы 127, 620 миллион текше метрге жетті.

Электр қуатына келетін болсақ, 2009 жылы КПО электр станциясында өндірілген шамамен 407 миллион кВт/сағ мемлекеттік ұлттық энергетикалық жүйесіне жіберілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ КӨРКЕЙТУ

ӨБТК-нің 5 Қосымшасына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің әлеуметтік дамудағы басты бағыттарына сүйене отырып айқындалған әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жобаларына жыл сайын 10 миллион АҚШ долларын бөледі. Бұл жобалар, негізінен, аудан орталығы Орал қаласында жүзеге асырылады және мектеп, балабақша, аурухана және спорт пен мәдени кешендерін салуға бағытталған.

2009 жылы ҚР Үкіметі, КПО және Басқару бойынша бірлескен (ББК) комитет әлеуметтік және

инфрақұрылымды дамыту жобаларына бөлінетін қаржы көлемін 10 миллион АҚШ долларынан 20 миллион АҚШ долларына екі есе қылып өсірді. КПО-ға қосымша ресурстарды жұмсауға рұқсат ететін комитет қарарлары 2009 жылы кеш берілді, нәтижесінде бұл қаржы 2010 жылы жүзеге асырылатын жобаларға жұмсалынатын болады.

КПО БҚО әкімдігі дайындайтын жобалар тізімін алады да, кейін Қазақстан Республикасына тапсырылатын объектерді жобалау, келісім-шартқа отыру, жобаны басқару және жұмыстарды жүргізу барысын бақылайды. Барлық әлеуметтік жобалар қазақстандық компаниялармен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жобалар (Орал)		2008 бөлінген бюджет Миллион \$	2009 бөлінген бюджет Миллион \$
Орал қаласының Жаңа-Орда шағын ауданындағы балабақша құрылысы <i>Аяқталды</i>	Орал қаласының Болашақ және Жаңа-Орда шағын аудандарында тұратын әрқайсысы 280 балаға арналған екі балабақша құрылысы. Бұл екі жоба барлық қажетті жабдық пен құралдармен қамтамасыз етілген дайын жобалар.	2,25	0,75
Орал қаласының Болашақ шағын ауданындағы балабақша құрылысы <i>Аяқталды</i>	Орда балабақша құрылысы 2009 жылдың тамыз айында, ал Болашақ балабақша құрылысы қыркүйек айында аяқталды	2,25	0,95
Орал қаласындағы 7-ші шағын ауданында 56 пәтер сатып алу <i>Аяқталды</i>	Бірқатар тұрғындарға тұрғылықты орнының қолайсыз жағдайына байланысты жаңа пәтерлерге көшу қажеттілігі туындады. Жаңа пәтерлер салынып болғаннан кейін, Әкімдікпен сатып алынып,	2,5	
Орал қаласындағы 9-шы шағын ауданында 48 пәтер сатып алу <i>Аяқталды</i>	белгіленген тұрғындарға тапсырылды. 56 пәтер 2009 жылы қыркүйекте сатып алынса, қалған 48 пәтер 2009 жылдың қарашасында тапсырылды.	1,35	
Батыс Қазақстан облысында газ құбыры құрылысы <i>Аяқталды</i>	11 ауылды Қарашығанақ-Орал газ құбырына қосу үшін Новопавловка-Федоровка және Новопавловка-Подстепное газ құбырларын жүргізу. Бұл жоба 2009 жылдың желтоқсан айында аяқталды.		6,6
Орал қаласының 6-шы шағын ауданындағы балабақша құрылысы <i>Жалғасуда</i>	Бұл жоба Орал қаласының жаңа шағын ауданындағы балабақшаға деген сұранысты қанағаттандырады. Жұмыстар 2010 жылы қазанда аяқталады деп күтілуде. Балабақша 280 баланы қабылдай алады (12 топ).		3,15
Барлығы		8,35	11,45

Орал қаласында 2008 жылы басталған екі балабақша құрылысын КПО компаниясы 2009 жылы аяқтады және 11 елді мекенді газбен қамтамасыз ететін Федоровка және Подстепное ауылдарына баратын жол бойымен екі газ құбырын жүргізді. Сонымен қатар, КПО Оралдағы 6-шы шағын ауданда жаңа балабақша құрылысына кірісті. Бұл жоба 2010 жылдың қазан айында аяқталады деп күтілуде. Төменде келтірілген кестеде жұмсалынатын қаржыны бекітетін ББК қарарындағы ақпарат көрсетілген.

2008 және 2009 жылдары, ҚР үкіметі және КПО Басқару бойынша бірлескен комитеті Ақсай қаласын көркейту жобаларына әр жылы 10 миллион АҚШ долларын бөлді. Ақсай қаласында КПО қызметінің әкімшілік жұмыстары жүзеге асырылады (Қарашығанақ кенішінен шамамен 30 км қашықтықта).

2008 жылға бөлінген қаржы есебінен, және аудан билік өкілдерімен айқындалған жобаларға сәйкес, КПО қала тас жолдарын және балабақшаны жөндеуден өткізді,



сонымен қатар жергілікті аурухананы медициналық жабдықпен қамтамасыз етті. Осы уақытта, Ақсайдағы 10-шы шағын ауданында 900 балаға арналған орта мектеп құрылысы басталды. Мектепті келесі оқу жылы (2010 жылдың күзі) басталғанда қолданысқа береміз деген ойдамыз.

Үкімет қарарлары тым кеш ұсынылғаннан, 2009 жылға бөлінген қаржы жүзеге асырылмады, сондықтан 2010 жылы жұмсалынатын болады.

Ақсай арнайы жобалары		
Құрылыс жұмыстары	Сипаттама	2008 бөлінген бюджет Миллион \$
Ақсай қаласының 10 шағын ауданында 900 оқушыға арналған мектеп салу <i>Жалғасуда</i>	Бұл мектеп 10 шағын ауданында және Чех қалашығына жақын орналасқан жұпшанды ауданда тұратын 900 балаға арналған. Мектеп 36 оқу бөлмесі, 2 жаттығу залы, жиналыс бөлмесі, асхана және шаруашылық бөліктен тұратын болады. Жұмыстар 2010 оқу жылы басына дейін аяқталады деп күтілуде.	8
Аудан ауруханасына медициналық жабдық жеткізу <i>Аяқталды</i>	БҚО Денсаулық сақтау бөлімі ұсынған тізіміне сәйкес Ақсай аудандық ауруханасы және Бөрлі ауданының бірқатар елді мекендердегі ауруханалар жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жабдық 2009 жылы ақпан айында жеткізілді.	0,5
№ 2 балабақшаны қайта жөндеуден өткізу <i>Аяқталды</i>	№ 2 балабақша Ақсай қаласындағы 4-ші шағын ауданда орналасқан және 280 балаға арналған. Балабақшаны толықтай жөндеуден өткізу қажеттілігі туды, бұл жұмыстар 2009 жылдың сәуір айында аяқталды.	0,5
Жолдарды жөндеу <i>Аяқталды</i>	Ақсай қаласындағы Жайық, Сырым Датұлы, Абай және Наурыз көшелеріндегі тас жолдар жөндеуден өткізілді. Жұмыс көлеміне жол шетін үлкейту, үстіңгі қабатты алмастыру, жолжиек орнату және жол жағасын салу кірді. Жұмыстар 2008 және 2009 жылдары жүргізілді.	1
Барлығы		10



Жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынас


КПО өндірістік аймақтарға іргелес орналасқан қауымдастықтармен жақсы көрші болуды және даму жоспарларын іске асыру үшін жергілікті билік өкілдеріне қолдау көрсетуді мақсат етеді. Сондықтан да біз өз қызметіміз нәтижесінде пайда болатын жағымсыз әсерлерді азайту, мүдделі топтармен нәтижелі қарым-қатынас орнату, қоғам дамуына мүмкіншіліктер туғызу тұрастында қыруар жұмыс атқарудамыз.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОЛ

Бұл саладағы КПО қызметі 2008 жылы бекітілген Әлеуметтік қызмет саясаты, стандарттары және іс жүргізу нұсқаулары аясында және Халықаралық қаржы корпорациясының іс жүргізу стандарттарына сүйене атқарылады. Әлеуметтік дамыту тұрастындағы жұмысымыз барлық қоғам топтарына бағытталғанмен, КПО қызметі тікелей әсер ететін аймақтарға ерекше көңіл бөлінеді. Қарашығанақ кеніші территориясына жақын орналасқан сегіз ауылдың тұрғындар саны 5,5 мың адам болып келеді. Келесі ретте КПО қызметкерлерінің көпшілігі өмір сүретін және өкімшілік ғимараттар орналасқан Ақсай қаласы ерекше орын алады. Бөрлі ауданының орталығы болып келетін Ақсай қаласында шамамен 35,000 адам тұрады.

Осы елді мекендердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды толықтай түсіну үшін КПО-ның бастамасымен Ауылдардың бастапқы әлеуметтік жағдайын бағалау шарасы өткізілді. Барлық ақпарат басты қатысушы адамдармен көзбе-көз жүздесу нәтижесінде және белгілі мақсатты топтар толтырған сауалнамалардан алынды. Жинақталған ақпараттың ақиқаттылығы 2009 жылдың жазында мүдделі қауымдастықтармен дөңгелек үстел үстінде талқыға салынып, расталды. Осы атқарылған жұмыс нәтижесіне сүйене отырып ҚПО келемектегі өз қызметінің әсерін көрсететін объективті ақпаратты жинақтап, қоғамды дамыту бастамаларын іске асыруда.

2009 жылы Ауылдардың бастапқы әлеуметтік жағдайын бағалау нәтижесінде анықталған



мәселелерді қамтитын бастамалар жөнінде КПО мүдделі топтармен кеңесе бастады. Бұл бастамалардың түгелдей дерлік 2010 жылы жүзеге асырылатын болады және нәтижесі жөнінде 2010 жылғы Орнықты даму есебінде баяндайтын боламыз.

ЗЕРДЕЛІ СҰХБАТ ОРНАТУ

Әлеуметтік дамыту саласында ақыл-кеңестер басты негізге алынады. Ресми кеңес ұйымдар (Ауыл кеңестері), ашық мәжілістер мен жергілікті билік өкілдері, мемлекеттік емес ұйымдар және басқа да басты қатысушылармен арнайы жиналыстар секілді түрлі әдістер қолданылады.

Қарашығанақ кенішінің айналасындағы сегіз ауыл кіретін төрт ауыл аймағында Ауыл кеңестері құрылды. Бұл кеңес ұйымдары 2005 жылы Түсіністік меморандумы негізінде құрылды. Мазалайтын мәселелерді талқыға салу және КПО-ның ағымдағы және жоспарланған жұмыстары жөнінде хабардар болу үшін жергілікті сенімді ауыл тұрғындары, жергілікті билік өкілдері және КПО сарапшы мамандары жиі кездесіп тұрады. Оған қоса Ауыл кеңестері ауылдардағы әлеуметтік саланы қаржыландыруда КПО-ға маңызды істерді айқындап береді (келесі бөлімді қараңыз). Бұл сұхбат қандай да бір мәселе туындай бастаған кезде, КПО-ның тез іс-әрекет қолдануына, сондай-ақ КПО және

Ауылдардың бастапқы әлеуметтік жағдайын бағалау нәтижесінде анықталған мәселелер	Қатысушы мүдделі топтар	Жаңа КПО бастамалары
Ауылдар – транспорт/ жол мәселелеріне байланысты ауыл аймағынан тыс жерлерде өткізілетін мәдени/білім/қоғамдық шараларға қатыса алмау	Бөрлі аудандық Білім бөлімі Ауыл кеңестері КПО Демеушілік комитеті	Таңдалған мектептерді автобустармен қамтамасыз ету
Ауылдар – ауыл аймағында жұмысқа орналасу қиыншылықтарынан көшіп қону	Ауылшаруашылық, шағын және орташа бизнес жөніндегі Бөрлі аудандық департаменті Шаруалар Халықаралық даму агенттігі	Ауыл аймақтарында экономикалық және әлеуметтік жағдайды жақсартуға арналған бағдарламаны жетілдіру
Ақсай – қосымша мәдени/білім/ойын-сауық шаралардың өткізілуі	Ақсай Жастар Бірлестігі КПО Демеушілік комитеті	Кинотеатр жобасына қаржылай көмек көрсету (Демеушілік бөлімін қараңыз)

көршілес қауымдастықтар игілігі үшін мүмкіншіліктер туғызуына көмектеседі.

2009 жылы Ауыл кеңестері жалпы алғанда 22 рет кездесті. Жалпы сұрақтардан өзге Ауыл кеңестері Қарашығанақ кенішінде және қоршаған аймақтарда сейсмикалық зерттеу өткізу, ауылдардың бастапқы әлеуметтік жағдайын бағалау нәтижесі, және ауылдық аймақтарда әлеуметтік саланы қаржыландыру (Ауыл кеңестері жобалары) жөнінде әңгіме қозғады.

Ауылдық жердегі, әсіресе кішігірім ауылдағы (адам саны 500 тұрғыннан төмен) өмірдің бәсеңдеуі өзекті ертейтін мәселе ретінде қарастырылады. Жасөспірімдер жоғары білім алғаннан кейін, жұмыс тапшылығына байланысты туған ауылдарына қайтып оралмайды. Тағы да бір толғандыратын жайт – қоршаған ортаның нашарлауы тұрғылықты халықтың денсаулығына, ауыл шаруашылығы және мал өсіруге әсер етеді деген ұстаным. Бұл ұстаным 1980 жылы Қарашығанақ кенінің ашылуынан пайда болды (КПО кенішті өндіруді бастағанға дейін) және КПО-да күрделі қоршаған ортаны қорғау басқару жүйесі мен бақылау бағдарламасының жүзеге асуына қарамастан, әлі күнге дейін сақталып келеді. Осы мәселелерді шешу мақсатында КПО өз қызметінің өсімдік, топыраққа, жер үсті суларға және малға тигізуі мүмкін әсерін зерттеу үшін сертификаты бар зерттеу институты мен Ауыл кеңестерімен бірлесе жұмыс істеді. Осы жұмыстың нәтижесі 2010 жылы белгілі болады деп күтілуде. Қоршаған ортаның қолайсыздығын арқау қылып, бірқатар ауыл тұрғындары көшуге ынталы болып отыр. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарсы үш қазақстандық мемлекеттік емес ұйымның атынан түскен азаматтық іс қарастырылып жатыр. Талапкерлер ҚР Үкіметіне Қарашығанақ кенішінде санитарлық қорғау аймағы шекарасын дұрыс белгілемегендігі жөнінде мін тағып, және де Березовка ауылының тұрғындары көшірілуге тиіс деген пікірталас туғызып отыр.

Жақын орналасқан ауылдардан басқа КПО Қарашығанақ Атырау құбыры жұмысы нәтижесінде туындайтын мәселелерді анықтау және апаттық алдын алу мен апаттық жағдайдағы іс-әрекет туралы хабарлар ету үшін соның бойында өмір сүретін ауылдармен қарым-қатынас орнатуда. 2009 жылы Қарашығанақ Орал құбыры құрылысымен айналысқан КПО жобалау топ құрамына арнайы Халыққа қызмет көрсететін маманы қосылды. Халыққа қызмет көрсететін маманы құбыр құрылысының ықпалына ұшырауы мүмкін ауылдармен қарым-қатынас орнатып, ашық сұхбат нәтижесінде туындаған мәселелердің барлығының дерлік шешімін іздестіріп, жобалау тобына өз көмегін тигізді.

Оған қоса, КПО жергілікті ауылдарға әсер ететін қандай да бір жаңа жобаны жоспарлағанда келешек іс-әрекеттер мен мүмкін ықпалы жөнінде ақпаратпен бөлісу және толғандыратын мәселелерді талқылау үшін ашық мәжілістер ұйымдастырады. Ашық мәжілістер жергілікті билік өкілдерінің көмегімен жобаны іске асырудың түрлі кезеңінде ұйымдастырылып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында алдын-ала хабарлама жасалынады. 2009 жылы КПО үш өлшемді сейсмикалық зерттеу жұмыстары, өндірістік қатты қалдықтарды сақтайтын жер, төртінші желі конденсат құбыры және Қарашығанақ Орал газ құбыры құрылысының екінші кезеңі секілді жобалар туралы төрт ашық мәжіліс өткізді.

Нақты мәселені сараптау Зиянды әсерді азайту, мүмкіншіліктерді ұлғайту

2009 жылдың көктем мен күз аралығында КПО-да кеніш аумағын және көршілес ауылдарды қамтитын ірі сейсмикалық науқан ұйымдастырылды. Жұмыстар басталар алдында, кеніш төңірегінде орналасқан сегіз ауылдың өкілдері Ақпан айында ашық мәжіліске шақырылды. Бұл мәжілісте зерттеу жұмыстарының көлемі, жоспарланған іс-шаралар, болуы мүмкін ықпалдар және ауылдарға әкелер игілігі төңірегінде әңгіме қозғалды. Зерттеу жұмыстары белгілі бір ауылдың аймағына жақындаған кезде, әр ауылда мердігермен қосымша түрлі жиналыстар өткізілді.

Сейсмикалық жоба тобын орналастыратын орын іздеген кезде КПО, мердігер және жергілікті билік өкілдері уақытша үлкен тұраққа жақын орналасуымен байланысты қауіп-қатерді азайту және ауылды дамыту мүмкіншіліктерін де қарастырды. Бастау ауылына жақын аймақ таңдалғанда, тұрғындар мен жергілікті билік өкілдері, КПО және сейсмикалық зерттеу жүргізген мердігердің арасында тығыз қарым-қатынас орнатылды. Бастау тұрғындары осы жоба кезінде біраз пайдаға түсті, яғни жұмысқа орналасты, ауылшаруашылық өнімдерін жоба тобына сату мүмкіндігі туды, ауылдан бас тасқолға апаратын 6 км жолды қайта жөндеуден өткізді.

ШАҒЫМДАРДЫ РЕТТЕУ

КПО-ның шағымдарды қанағаттандыратын ресми саясаты бар. Көршілес ауылдардың әрбір тұрғыны КПО Қоғаммен байланысу маманына ауызша

не арнаулы парақты толтырып, ауылдарда орнатылған жәшіктерге салу арқылы шағымдануға құқылы. Компания шағымды тергеп, шешу жолын ұсынады. 2009 жылы осы жүйе арқылы ешқандай шағым түскен жоқ. Бұл халықтың ресми емес шағымдануды жөн көретіндігінен, яғни ауылдарға жиі барып тұратын КПО Қоғаммен байланысу маманына тура айтуынан және 2009 ауылдарға әсер еткен өндірістік операциялардың аздығынан болуы керек. Оған қарамастан, КПО тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында бұл саясатты қайта қарастырып жатыр.

Оған қоса, КПО серіктестерінің біріне Халықаралық Қаржы орталығынан қаржы бөлінгендіктен, кеніш өндірісіне жақын орналасқан ауыл тұрғындары Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссия көмегіне жүгіне алады. Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссия өндірістік жобаларды жүзеге асыру кезінде өндіріс ықпалына ұшыраған ауылдардың шағымдарын қарастыратын тәуелсіз ұйым. Бұл комиссия көптеген елдердің заң талаптарымен шектелмейтін, жұмысты ұйымдастырудың ең практикалық келісті әдісі деп есептелетін ХҚО-ның өз әлеуметтік және экологиялық стандарттарына сәйкестілігін тексеру мақсатында қызмет көрсетеді.

Соңғы жылдары Қарашығанақ жобасына байланысты АҚШ-та орналасқан мемлекеттік емес ұйым және Қазақстандық мемлекеттік емес ұйымнан үш шағым түсті. Барлық шағымдар жабылды, соңғысы 2009 жылы шешілді. Бұл соңғы шағым ауа мен судың ластануы және оның Қарашығанақ кен орнының айналасындағы ауылдардың бірі Березовка тұрғындары денсаулығына әсері жөнінде, сонымен қатар Қарашығанақ секілді өндірістік орындарында мемлекет орнататын қорғалынатын аймақ, санитарлық қорғау аймақтың ара қашықтығы жөнінде болды. Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссия барлық мүдделі топтарға келешектегі жобалар, мүдделер және мәселелерді шешу жолдары турасында ортақ шешімге келу үшін CAO-мен келісім шарт негізінде қызмет атқаратын тәуелсіз төрешінің қатысуымен болатын көп жақты жиналыс өткізуді ұсынды.

КПО бұл ұсынысты зерделі сұхбат өткізу мақсатында қабылдады, бірақ өкінішке орай аталмыш мемлекеттік емес ұйым қарсы болып, оның үстіне Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссиядан үшінші шағымға байланысты аудиторлық тексеріс өткізу қажеттілігі жөнінде шешім қабылдауды талап етті. Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссия сараптама жасап, аудиторлық тексеріс қажет емес деген шешімге келді. Сонымен осы мәселе жабылды.



Дегенмен де, Компания зерделі сұхбат арқылы мемлекеттік емес ұйыммен іскерлік қарым-қатынасты жалғастыруға дайын және Березовка ауылының тұрғындарымен Ауыл кеңесі арқылы өзара әрекет жасауда. КПО мен Сәйкестілікті бақылау жөніндегі комиссия арасындағы қарым-қатынасты айқындайтын барлық құжаттарды комиссияның ресми сайтынан табуға болады: www.cao-ombudsman.org/cases

ДАМУДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

Өмір жағдайын жақсарту Қарашығанақ айналасында орналасқан елді мекендер үшін басты мәселе және КПО жергілікті билік өкілдеріне осы мақсаттарды орындауға көмектесуде.

Ауыл кеңесі жобалары

Көбінесе ауыл инфрақұрылымын дамыту секілді КПО қатысуымен алдыңғы ретте шешілуі қажет мәселелерді ауыл өкілдерінен тұратын Ауыл кеңесінің мүшелері анықтап береді. Халықтың қоғамдық және мәдени өміріне және соны жақсартатын бастамаларға көп көңіл бөлінеді.

Содан соң КПО келіп түскен ұсыныстарды ауыл қажеттіліктеріне, жалпы маңыздылық, техникалық

талаптар, және қаржы тұрғысында қарастырады. Қазіргі таңда кеніш айналасындағы сегіз ауылда бірқатар Ауыл кеңесі жобалары жүзеге асырылды. Жылдар өте КПО-ның қатысымы барлық ауылдарда бірдей деңгейде сақталып келеді.

Ауылдарды дамыту жобалары

2009 жылға дейін КПО сегіз ауылдың тұрғындарына экономикалық дамуды қарқынды түрде төмен пайыздық төлеммен несиелендіріп, шағын несиелі ұйымның жұмысын реттеп отырды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін КПО-мен келісім шарт негізінде істеген ұйымның өкілдері ауылдарға жүйелі түрде барып, несиелік шарттарды қарастырды. Бұл бағдарлама үш жыл бойы жүзеге асырылып, 2008 жылдың өзінде 90-нан астам адамға несиелендірілді. Өкінішке орай, 2009 жылы КПО ұйыммен тиімділікті арттыру және ашық бизнес жүргізу турасында ортақ бір шешімге келе алмау себебінен жасалынған келісім-шартты бұзуға мәжбүр болды. Қазіргі таңда жаңа шағын несиелендіру жүйесі дамытылуда.

2009 жылы КПО Ақсай қаласының барлық мектептерінде Жылжымалы өнер мектебі бастамасын жүзеге асырды. Бұл бастама алғашқысында оқу бағдарламасын түрлендіру және салт-дәстүрлерді дамыту мақсатында жергілікті ауылдарда мектеп оқушыларын қолөнер кәсібіне баулу бағдарламаларын әзірлеу үшін ұсынылды. Оқушылар мектепте сабақтан тыс уақытта қолөнер сабақтарына қатысу мүмкіндігін алды. Бұл бастама тиімділігін көрсетті және кейбір оқушылар өнер мектептеріне мемлекет есебінен оқуға түсіп, үш оқушы Шеврон компаниясының қаржылай көмегімен өткізілетін ұлттық өнер сайысында арнайы сыйлықтарға ие болды.

Жылжымалы өнер мектебі бастамасын іске асыру кезінде алған тәжірибесін ескере отырып,

КПО Бөрлі ауданының білім департаменті мен ауыл кеңестері көмегімен осыған ұқсас мектеп оқушыларына ағылшын тілін үйрету бастамасын жүзеге асыруды ойластыруда.

Демеушілік бағдарламасы

КПО-ның демеушілік және қайырымдылық Саясатына сәйкес қызмет атқаратын ішкі комитетпен жүргізілетін арнайы қор қажетті топтарға және ел денсаулығы және қауіпсіздігі, білім, өнер және мәдениет, спорт салаларында қызмет атқаратын қоғамдық ұйымдарға көмек көрсетуге септігін тигізеді.

Бұл бағдарлама арқылы 2009 жылы 45 түрлі ұйымдарға 370 000 АҚШ көлемінде көмек көрсетілді. Сонымен қатар біз бірқатар ұйымдармен қоғамдық дамуды ілгерілету мен өмір жағдайларын жақсартуға көзделген жаңа бастамаларды алға қояуда келіссөздер жүргізіп, қолдау көрсетудеміз. Осы жұмыс арқасында Ақсайдағы «Тарлан» жастар қоғамдық ұйымы кинотеатр жобасын ұсынды. Жоба жүзеге асқан жағдайда, қала тұрғындарына кино әлеміндегі жаңа фильмдерді тамашалап, бірлік пен ынтымақ сезімін күшейтетін бос уақытты бірге өткізу мүмкіншілігі туады. Демеушілік өтініші КПО демеушілік комитетімен қарастырылып, мақұлданды. Бұл жоба 2010 жылдың бірінші жарты жылдығында іске қосылады деп күтілуде.

Мәдени мұраны дамыту саласында КПО БҚО Тарихи және Археологиялық Орталыққа Қарашығанақ өндірістік аймағында археологиялық қазбалар жүргізуге демеуші болды. Атап айтқанда, үш монументтің қазба жұмыстарына көмек көрсетілді. Қазба жұмыстары кезінде табылған материалдар қайта қалпына келтіріліп, ҚР Заңына сәйкес жергілікті тарихи мұражайға тапсырылады. КПО-ға өз кезегінде ғылыми есеп тапсырылады.



2009 жылғы КПО-ның демеушілік бағдарламасы



2009 Ауыл кеңесі жобалары

Ауыл	Жоба сипаты	Мөлшер (мың \$)
Барлық ауылдар	165 егде кісілерге және мұғалімдерге жазғы санаторийлық емделу	62 500
	140 балаларға жазғы лагерь	32 500
Приуральный	Жергілікті мектепті, Мәдени үйді және кітапхананы жылумен қамтамасыз ететін төрт бойлерді сатып алу және қондыру	64 000
Берёзовка	Берёзовкадағы мұсылман зиратын қоршау	22 000
Успенровка, Қаракемер және Жаңаталап ауылдары кіретін Успенровка ауыл аймағы	Ауылдағы техникалық су айдау станциясына су насостарын сатып алу	3 000
	Успенровка мектебін айыз су жүйесіне қосу (300м су құбырын өткізу)	39 000
	Жаңаталап ауылындағы аурухананы жылыту	11 500
Жарсуат, Димитрово және Қарашығанақ ауылдары кіретін Жарсуат ауыл аймағы	Димитрово ауылындағы бастапқы сынып мектебін қайта жөндеуден өткізу	48 000
Бестау	Бестаудағы мал суаруға қажетті құдықты жөндеуден өткізу және жаңа су сыйымдылығын қондыру	10 000
Жалпы инвестиция		292 500



Мәліметтер кестесі

Осы мәліметтер кестесінде берілген ақпараттардың дұрыстығын растау және ең үздік дүниежүзілік тәжірибені дәлелдеу мақсатында біз Есептілігі жөніндегі ғаламдық бастама көрсеткіштерін негізге алдық. Атмосфераға тасталатын шығарындылар туралы деректер дүниежүзіне танымал Америка мунай институттарының (АМИ) әдістемесіне сүйеніп алынды. Төменде берілген сандық көрсеткіштер негіздемесін түсіну үшін сәйкес тарауларды қараңыз.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

ЕЖҒБ (есептілігі жөніндегі ғаламдық бастама) бойынша негізгі көрсеткіштерге қол жеткіздік

ЭНЕРГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

	Газ	Электр қуаты	2009 ж. барлығы	2008 ж. барлығы	2007 ж. барлығы
EN 3 Бастапқы энергия көздері арқылы энергияның тікелей тұтынылуы (МВт*сағат)	915 682	7 100	922 782	864 341	818 484

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛҒАН ЛАСТАЙТЫН ЗАТТАР

	Жандыру	Жандыру шығыны	Басқа	Жалпы 2009	Жалпы 2008	Жалпы 2007	2009 Қалыпты ставка*	2008 Қалыпты ставка	2007 Қалыпты ставка
Атмосфераға шығарылған ластайтын заттар (тонна)									
Көміртек қос тотығы	87 863	1 227 155	129 668	1 444 686	1 439 908	1 441 358	10 359	10 557	10 783
EN 16 Көміртек тотығы	157	1 195	402	1 754	1 670	1 540	13	12	12
EN 20 Азот тотықтары	58	2 684	679	3 421	3 439	3 001	25	25	22
Күкірт қос тотығы	662	40	1 780	2 482	3 843	4 628	18	28	35
Метан	328	234	27 921	28 483	27 730	27 185	204	203	203
Ұшпалы органикалық қосылыстар	71	22	563	656	219	340	5	2	3
Жалпы парник газдары (көміртек қос тотығы эквивалентті)	94 747	1 232 068	716 022	2 042 837	2 022 236	2 012 248	14 649	14 826	15 054

ҚАЛДЫҚТАР

Түрі (тонн)	2009 ж орналастыру әдісі				2009 ж. пайда болды	2008 ж. пайда болды	2007 ж. пайда болды
	Кәдеге жаратылғаны	Көму полигоны	Үшінші бейтарап жақ мердігер-компания	Нысанда сақталғаны			
EN 22 Қатты	2 699	13 156	156	22 908	38 919	24 627	23 874
Сұйық (сарқынды суды қоспағанда)	11 806	0	0	18 545	30 351	38 523	24 287
Барлығы	14 505	13 156	156	41 453	69 270	63 150	48 161

СУДЫ ПАЙДАЛАНУ

EN 8 M³	2009 жылы Сумен қамтамасыз ету көздері						
	Кигақ су жинағышы (Атырау)	Кончубай тоған су жинағышы	Серебряковск су жинағышы (Үлкен Шаған)	Жарсуат су жинағышы	2009 ж. барлығы	2008 ж. барлығы	2007 ж. барлығы
Су көздерінен алынған жалпы су көлемі	1 867	332 450	1 554	191 205	334 317	404 356	435 231
Техникалық су					192 759	180 219	129 047
Ауызсу							
EN 10	2009		2008		2007		
Қайта пайдаланылған ауызсу мөлшері	M³	%	M³	%	M³	%	
	42 762	22%	44 460	25%	63 891	50%	
EN 21	Төгу орны	Кеніштің жинақтау тоғандарына төгілетін тазартылған сарқынды су	Атырау жинақтау тоғандарына төгілетін тазартылған сарқынды су	Жер рельефіне төгілетін жаңбырлы ағын суларының көлемі	Жалпы 2009 ж.	Жалпы 2008 ж.	Жалпы 2007 ж.
Ағызылған сарқынды судың жалпы көлемі	M³	119 167	0.865	19 238	139 270	121 651	104 605

ТҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

	2009	2008	2007
LA 7 Бір миллион атқарылған сағатта уақыт шығынымен болған оқиғалар жиілігі (УШБОЖ)	0.13	0.11	0.05
Бір миллион атқарылған сағатта жалпы тіркелетін оқиғалар жиілігі (ЖТОЖ)	0.65	0.4	0.29
Өлім жағдайының жалпы саны	1	0	1

ЖҰМЫСШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

	2009	2008	2007
Жалпы жұмысшылардың саны	4 375	4 378	3 977
Оның ішінде Қазақстан азаматтары	3 755	3 571	3 268
Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастырудың пайыздық көрсеткіші	87%	87%	86%
Басқарушы лауазымдарда шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастырудың пайыздық көрсеткіші	49%	44%	41%
Ер және әйел адамдар саны	3 186/1 189	3 224/1 154	3 004/973
LA 4 Ұжымдық келісімшартқа қатысушы жұмысшылардың пайыздық көрсеткіші (шамамен)**	100%	100%	100%
LA 10 Қызметкерді бір жылда оқытудың орташа сағат саны***	67.2	103	99
Жылына бір қызметкерді (тікелей келісім шарт) оқытуға жұмсалатын бір жылғы қаржы (АҚШ доллары)****	5 569	4 500	4 900

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

	2009	2008	2007
Қазақстан компанияларының тауарлары мен қызмет көрсетулеріне берілген тапсырыстар бағасы (миллион АҚШ доллары)	683	537	456
Жалпы тауарлар мен қызмет көрсетудің пайыздық көрсеткіші	49%	57%	54%
EC 6 Әлеуметтік инфрақұрылымға қаржы салымы (миллион АҚШ доллары)	11.45	8.35	10
Әлеуметтік инфрақұрылым -Орал Газ Құбыры (миллион АҚШ доллары)	-	10	-
Әлеуметтік дамыту жобалары (миллион АҚШ доллары)	0.42	0.6	0.7
Демеушілік (миллион АҚШ доллары)	0.37	1.3	0.7

ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМА

	Көрсеткіш	Бет
EN 30	Қоршаған ортаны қорғауға кеткен шығындар	16
EN 11–EN 15	Биотүрлілік	21
EN 18, EN 23	Шығарындылар, қалдықтар	16–21
EN 28	Нормативті талаптарды сақтау	08
EC 1	Экономикалық нәтижелілік	06
EC 6, EC 7, EC 9	Нарықта болу	06

Ескертулер:

* тонна бір миллион баррельге шаққанда, мұнай шамасында

** 2008 жылғы Есепте біз кәсіподақ мүшелері болған қызметкерлер санын көрсеттік (2008 және 2007 жылдары 27%) дегенмен ұжымдық келісімдер кәсіподақ мүшелері емес қызметкерлерге де қатысты.

*** Орташа сағат шамасы жалпы ұлттық жұмыс күшінің негізінде есептелген (КПО-мен тікелей келісімшарттағы және жұмыспен қамтамасыз ету компаниялар арқылы жұмыс істейтін қызметкерлер). Жұмыспен қамтамасыз ету компаниялар арқылы жұмыс істейтін қызметкерлер 2007 және 2008 ж.ж. деректерге еңгізілмеген.

**** Әрбір қызметкерге шаққандағы оқыту шығындар шамасы жалпы ұлттық жұмыс күшінің негізінде есептелген. (КПО-мен тікелей келісімшарттағы және жұмыспен қамтамасыз ету компаниялар арқылы жұмыс істейтін қызметкерлер). Жұмыспен қамтамасыз ету компаниялар арқылы жұмыс істейтін қызметкерлер 2007 және 2008 ж.ж. деректерге еңгізілмеген



Растау жөніндегі мәлімдеме



ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс»
Сәтпаев даңғылы 29/6
Хаятт Ридженс Қонақ Үйі
Офистік мұнара, 4 қабат
Алматы 050040 Қазақстан
Телефон: +7 727 298-0448
Факс: +7 727 298-0252
www.pwc.com

ЕГЕМЕНДІ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (әрі қарай – «ҚПО») басшылығына:

Біз 2009 жылғы ҚПО компаниясының Орнықты даму есебінің аспектілерімен байланысты егеменді ақпараттар нақтылығын растайтын процедуралар өткізік.

Жоба аясы

2009 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған қаржы жылы бойынша ҚПО және оның консолидацияланған еншілес компанияларының 'Орнықты дамуымен' байланысты есептемелерге енгізілген келесі аспектілерге жататын мәліметтер және сандық көрсеткіштер:

- осы орнықты даму қорытындысының 40-41 беттеріндегі Мәліметтер тор кестесінде көрсетілген мәліметтерді жинастырумен байланысты басқару құралдары және ақпарат және тиімділік көрсеткіштеріне байланысты басқару және есептеме беру процесстері ("Орнықты дамумен байланысты ақпарат"), және,
- осы қорытындының 40-41 беттеріндегі мәліметтер тор кестесінде көрсетілген 2009 жылғы қоршаған орта, еңбек ресурстары, қауіпсіздік және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы тиімділік көрсеткіштері және деректер;

Біздің нақтылықты растау процедуралары тек 2009 жылғы мәліметтер бойынша ғана өткізілді.

Сынбағалар

- ҚПО ішкі деңгейінде Орнықты Дамумен байланысты Ақпарат жинақталып, өңделіп және біріктіріліп жүзеге асырылатын анықталған процедуралар және ішкі орнықты даму бойынша есептеме нұсқаулары, және
- Дүниежүзілік Есептеме беру Бағдарламасы 2006 ж. қазан айында басып шығарған «G3 Орнықты Даму Есебінің Нұсқаулары».

Жауапкершілік және әдістеме

Орнықты дамумен байланысты тиімді әрекет көрсеткіштерінің растығы мен толықтығы осы көрсеткіштерге тән деректерді анықтау, есептеу және баға беру ерекшеліктері мен әдістемелерімен шектеледі. Осы орайда, біздің егеменді аудиторлық қорытынды тұжырымымызды ҚПО-ның орнықты дамумен байланысты іс-әрекеттердің тиімділігі бойынша есептемелерді дайындауға арналған ішкі орнықты дамумен байланысты есептеме беру процедуралары, анықтамалары және ішкі нұсқаулармен бірге қарастырған жөн.

Жоба аясы мен сынбағалардың қолданысы үшін жауапкершілік ҚПО-ның Басқармасына жүктеледі.

Біздің міндетіміз 2003 жылдың желтоқсан айында аудит және ақпарат нақтылығын растау халықаралық стандарттар Комитеті (IAASB) бекіткен «Тарихи қаржылық ақпаратты шолу мен аудиттен басқа ақпараттар шынайылығын растауға арналған Тапсырмалар» ақпараттар шынайылығын растауға бағытталған тапсырмаларды орындау (ISAE) 3000 халықаралық стандартына сай растайтын ақпаратты жинау процедураларының негізінде жоба аясында қорытынды тұжырымдама беру.

Шынайылықты растаудағы негізгі процедуралар

Ақпараттың шынайылығын растауға бағытталған біздің процедураларымыз келесі жұмыстарды қамтиды:

Ескерту: аудиторлық қорытындының ресми түрі ағылшын тілі болып саналады және міндетті түрде құқықтық күшке ие.

1



ҚПО-ның орнықты дамумен байланысты есеп беру нұсқауларын қолдануды бағалау:

- Осы орнықты дамумен байланысты қорытындының 40-41 беттеріндегі Мәліметтер Тор Кестесінде көрсетілген Орнықты дамумен байланысты ҚПО-ның есептеме беру ішкі нұсқауларын дұрыс қолданылуын тексеру;
- ҚПО компаниясының Орнықты даму есебінің мазмұнын GRI Қолданылу деңгейінің талаптарына сәйкестігін тексеру.

Объектіге барып қайту:

- Қазақстанда орналасқан Қарашаған кен орны мен Ақсай қаласындағы ҚПО бас кеңсесіне (Бас Кеңсе) барып қайту;
- ҚПО-ның ішкі орнықты даму нұсқауларын түсіну және қолдану дұрыстығын анықтау мақсатымен Бас Кеңсе деңгейінде және барып қайтқан объектілердегі ішкі орнықты даму бойынша есептеме беру және дерек жинауға жауапты қызметкерлермен сұхбаттасу;

Негізгі көрсеткіштерді бағалап, сараптау:

- осы орнықты дамумен байланысты қорытындының 40-41 беттеріндегі мәліметтер тор кестесінде берілген қосымша деректердің толықтығын, дәлдігін, сәйкестігін және дәйектілігін тексеру үшін іріктеп таңдау арқылы тест жүргізу;

Негізгі қағидалар және сәйкес саясаттарға сараптама жасау және құжаттарды тексеру:

- ҚПО-ның орнықты даму саясатын, басқару және есеп беру құрылымдары мен құжаттарды іріктеме негізінде тексеру.

Деректерді консолидациялау және процесстерді бағалау:

- басқару және есептемелерді дайындау процесстерінің орнықты даму бойынша есеп беруге сәйкестігін тексеру, және;
- Бас Кеңсе деңгейінде осы орнықты дамумен байланысты есептің 40-41 беттеріндегі Мәліметтер торкестесіндегі деректердің консолидациялау процессін бағалау.

ҚПО орнықты даму есептемесін тексеру:

- ҚПО компаниясының 'Орнықты даму' есебінің мазмұнын GRI G3 сәйкестігіне тексеру.

Қорытынды

Біздің түсінігімізше:

- Ішкі корпоративтік орнықты дамумен байланысты есеп беру нұсқаулары дұрыс қолданылып келеді; және
- Осы есептеменің 40-41 беттеріндегі Мәліметтер Торкестесіндегі ақпаратты жинастырып, біріктіруге арналған ішкі есеп беру жүйесі дұрыс әрекет етіп келеді.

Осы қорытындыда сипатталған жұмыстар және Сынбағаларды бағалауға сүйене отырып:

- ҚПО-ның Орнықты даму есебінде көрсетілген (40-41 беттеріндегі Мәліметтер тор кестесі) және жоба аясында аталған деректер және тиімділік көрсеткіштері ҚПО-ның іс-әрекет тиімділігіне әділ әрі шынайы суреттеме бермейді деген ұйғарым жасауға болатындай ешбір фактілер байқалған жоқ;
- 2009 жылғы ҚПО компаниясының 'Орнықты даму' есебі GRI G3 C+ сәйкестік деңгейіне жетпеді деп ұйғарым жасайтындай ешбір фактілер байқалған жоқ.

Priscilla W. Cooper LLP

Алматы, Қазақстан
9 сәуір 2010 ж.

Ескерту: аудиторлық қорытындының ресми түрі ағылшын тілі болып саналады және міндетті түрде құқықтық күшке ие.

2



Қысқармалар/Анықтамалар тізімі

Терминдер/ Қысқармалар	Анықтамалары
КПО	Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.
Кәсіпорындағы серіктестер не Бас компаниялар	Биджи, Эни, Лукойл және Шевронға қатысты
ӨБТК	Өнімді Бөлу туралы Түпкілікті Келісім
БҚО	Батыс Қазақстан Облысы
Әкім	Әкімшілік ауданның басшысы (ауыл, қала немесе аудан көлемінде)
3D	Үш-өлшемді
ARC	ARC Қауіпсіздікті Басқаруға дайындайтын Халықаралық Академиясы Миллиард текше метр
Брундтланд Комиссиясы	Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі Дүниежүзілік Комиссия.
CAO	Сәйкестілікті бақылау жөніндегі кеңесші
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Қоғаммен байланысу маманы Біліктілікті Басқару Жүйесі
CO2e	Көміртегі диоксид эквиваленті
КҚК	Каспий Құбыр Консорциумы
DLN	Құрамында азот қышқылдары мен ылғалдылық төмен болатын жағармай Қоршаған ортаға әсерді бағалау Қоршаған ортаны басқару жүйесі Мұнайды бастапқы өңдеу жүйесі Табиғи ресурстарды басқару компаниясы Шетел Инвесторлар Кеңесі
ЖІӨ	Жалпы Ішкі Өнім Парник газы
GRI	Есептілік жөніндегі ғаламдық бастама
H2S	Күкіртсутегі Денсаулыққа тиер қауіп-қатерді бағалау
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, Қауіпсіздік Техникасы және Қоршаған Ортаны Қорғау
ХҚК	Халықаралық Қаржы Корпорациясы Кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау институты
ISO 14001	ISO 14001 тиімді Қоршаған Ортаны Басқару Жүйесін (ҚОБЖ) орнату талаптарын айқындайтын халықаралық деңгейде мойындалған стандарт Табиғатты Қорғау жөніндегі Халықаралық Бірлестік
ҚАТЖ	Қарашығанақ-Атырау Тасымалдау Жүйесі

	Қарашығанақ Мұнай Газ Конденсат Кеніші
	Қазақстан Мұнай Газ Операторлар Ассоциациясы
ҚӨК	Қарашығанақ Өңдеу Кешені
	Басты Жұмыс Көрсеткіші
КСС	КазСтройСервис компаниясы
	Килотонна
	Бұрғылау Ерітінділері Зауыты
	Жұмыс уақытын жоғалтатын апат
	Жұмыс уақытын жоғалтатын зақым жиілігі
	Сұйықтықтарды Өңдеу Зауыты
	Миллион баррель мұнай эквивалентінде
	Максимальді шекті концентрация
	Миллион стандартты текше метр
	Мемлекеттік емес ұйым
NO2	Азот диоксиді
NOX	Азот тотықтар
	Мұнай және газ өндірушілер
OHSAS 18001	OHSAS 18001 халықаралық деңгейде мойындалған еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы басқару жүйелерін бағалау стандарты. OHSAS 18001 Сіздің кәсіпорныңыз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндеттемелерін тиімді атқару үшін ISO 9001 және ISO 14001 үйлесімді қылып жасалған.
OPITO	OPITO Мұнай газ Академиясының білікті операторлар мен техниктерді даярлау бағдарламасы
ПрайсуотерхаусКуперс	Әлемдегі ең ірі арнайы бағытта қызмет көрсететін фирмалардың бірі және ірі аудит компаниясы
	Қалдықтарды Өртеу Айналымы Пеші
ҚР	Қазақстан Республикасы
SO2	Күкірт диоксиді
СҚА	Санитарлық қорғау аймағы
STEP	Қауіпсіздік Техникасын оқыту және жақсарту бағдарламасы
	Термомеханикалық Қалдықтар Тазарту зауыты
	Триллион текше метр
ТШО	Теңізшевройл компаниясы
TRIF	Барлық тіркеуге алынатын зақымдар жиілігі
РСА	Бас компанияларда жұмыс мерзіміне тағайындалу
	АҚШ доллары

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

Біз сіздің Есеп жайындағы ұсыныстарыңыз бен тілектеріңізді асыға күтеміз, және 2010 жылғы есепті дайындауда ескеруге тырысамыз.

КПО-ның орнықты даму жөніндегі есебі

Эл-пошта: sustainability@kpo.kz

Адрес: Қазақстан Республикасы, 090300, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.

© 2009 Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.



PARTNERS IN THE KARACHAGANAK VENTURE

